

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
СУЛЕЙМАН ДЕМИРЕЛЬ АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТ  
ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ФАКУЛЬТЕТІ  
ТІЛДІК БІЛІМ БЕРУ КАФЕДРАСЫ

ӘОЖ 808.51

**ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ ЖҰМЫС**

**Оқушыларға публицистикалық стильдің жанрлық түрлерін меңгерудің  
әдіс-тәсілдері**

«7М01701– Қазақ тілі және әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша

Қуаныш Арайлым Қайратқызы

Қаскелең, 2022

СУЛЕЙМАН ДЕМИРЕЛЬ АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТ  
ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ФАКУЛЬТЕТІ  
ТІЛДІК БІЛІМ БЕРУ КАФЕДРАСЫ



«Қорғауға жіберілді»  
Кафедра меңгерушісі  
PhD., ассистент профессор  
Ногайбаева А.  
2022ж.

**ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ ЖҰМЫС**

«7М01701– Қазақ тілі және әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша

Орындаған:  
Ғылыми жетекші:

Қуаныш А.Қ.  
PhD, СДУ қауымдастырылған  
профессоры, Дүйсебекова Ж.М.

СУЛЕЙМАН ДЕМИРЕЛЬ АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТ ПЕДАГОГИКА  
ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ФАКУЛЬТЕТІ ТІЛДІК БІЛІМ  
БЕРУ КАФЕДРАСЫ

Бекітемін

Кафедра меңгерушісі

PhD, ассистент профессор

Ногайбаева А.

20 22 ж



Диссертациялық жұмысты дайындау тапсырмасы

Магистрант: Қуаныш Арайлым Қайратқызы

Білім беру бағдарламасы: Қазақ тілі және әдебиеті

Тақырыбы: Оқушыларға публицистикалық стильдің жанрлық түрлерін меңгертудің әдіс-тәсілдері

Ғылыми кеңестің бұйрығымен бекітілген №09,3-05/« 26 » 01 2021 ж.

Диссертациялық жұмысты аяқтау мерзімі №946-1 « 01 » 06 2022 ж.

Тапсырмалар мен диссертациялық жұмыстың қысқаша сипаттамасы:

Диссертациялық жұмыста публицистикалық стильдің зерттелуі мен бөліністері қарастырылды. Мектеп бағдарламалары мен оқулықтарындағы публицистикалық стильге байданысты тапсырмаларға талдау жасалды. Оқытудың педагогикалық негізін басшылыққа ала отырып, эксперимент жасалды.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу тәрбие процесін ұйымдастырудың 2021-2022 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы». Әдістемелік нұсқау хат;
2. Сыздықова Рәбиға. Қазақ әдеби тілінің тарихы (XV-XIX ғасырлар): Көптомдық шығармалар жинағы.

Тапсырмалар бекітілген мерзім « 21 » 10 2022 ж.

Ғылыми жетекші:

PhD, СДУ қауымдастырылған

профессоры, Дүйсебекова Ж.М.

Магистрант:

Қуаныш А.Қ.

## МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	8
1. ПУБЛИЦИСТИКАЛЫҚ СТИЛЬ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	
1.1 Тіл біліміндегі публицистикалық стильдің зерттелуі мен бөлінісі.....	11
1.2 Публицистикалық стильдегі сөз жанрларының прагматикалық аспектісі.....	30
1.3 Публицистикалық стильдің мектеп бағдарламаларындағы көрінісі....	36
2. ПУБЛИЦИСТИКАЛЫҚ СТИЛЬДІҢ ЖАНРЛЫҚ ТҮРЛЕРІН МЕНҒЕРТУДІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ	
2.1 Публицистикалық стильдің жанрлық түрлерін меңгерудің педагогикалық негізі.....	50
2.2 Оқушыларға публицистикалық стильдің жанрлық түрлерін меңгерудің тиімді әдіс-тәсілдері.....	55
2.3 Публицистикалық стильдің жанрлық түрлерін меңгерудің эксперименттік жүйесі.....	63
ҚОРЫТЫНДЫ.....	74
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	75
ҚОСЫМША.....	78

## АҢДАТПА

**Диссертациялық жұмысының тақырыбы:** Оқушыларға публицистикалық стильдің жанрлық түрлерін меңгертудің әдіс-тәсілдері

**Жұмыстың құрылымы:** зерттеу жұмысы кіріспеден, екі тараудан (тараушалардан), қорытынды және пайдаланған әдебиеттер тізімінен тұрады.

**Диссертациялық жұмыстың көлемі:** 84 бет, 7 кесте, 27 сурет, зерттеу барысында 56 әдебиет қаралды.

**Кілт сөздер:** сөз жанрлары, функционалды стильдер, публицистикалық стиль, мәтін талдау, репортаж, интервью

Диссертациялық жұмыстың бірінші бөлімінде тақырыпты ашу мақсатында публицистикалық стиль және оның теориялық негіздеріне тоқталдық. Тіл біліміндегі публицистикалық стильдің зерттелуі мен бөлінісін қарастырдық. Публицистикалық стильдегі сөз жанрларының прагматикалық аспектісі анықталып, публицистикалық стильдің мектеп бағдарламаларындағы көрінісі нақтыланды.

Диссертациялық жұмыстың екінші бөлімінде бірінші тараудағы тұжырымдарға сүйене отырып, публицистикалық стильдің жанрлық түрлерін меңгертудің әдістемелік негіздері анықталды. Публицистикалық стильдің жанрлық түрлерін меңгертудің педагогикалық негізі мен оқушыларға публицистикалық стильдің жанрлық түрлерін меңгертудің тиімді әдіс-тәсілдері қарастырылды. Публицистикалық стильдің жанрлық түрлерін меңгертуге қатысты эксперименттік талдау жасадық. Публицистикалық стильді меңгертуде орындалатын жаттығулар мен тапсырмалар осы тарауда ұсынылып отыр.

Диссертациялық жұмыстың қорытынды бөлімінде жалпы зерттеу жұмысына шолу жасалынып, ғылыми зерттеудің жеткен мақсаттары нақтыланды.

## АННОТАЦИЯ

**Тема диссертации:** Методика обучения студентов жанрам публицистического стиля

**Структура работы:** научно-исследовательская работа состоит из введения, двух глав, заключения и списка литературы.

**Объем диссертации:** в ходе исследования рассмотрено 84 страниц, 7 таблиц, 27 фото, 56 ссылок.

**Ключевые слова:** словесные жанры, функциональные стили, публицистический стиль, анализ текста, репортаж, интервью.

**В первой части диссертации,** чтобы раскрыть тему, мы сосредоточились на публицистическом стиле и его теоретических основах. Мы рассмотрели изучение и деление публицистического стиля в языкознании. Выявлены прагматические аспекты жанров публицистического стиля, уточнено проявление публицистического стиля в школьных программах.

**Во второй части диссертации** на основе выводов первой главы выявляются методологические основы изучения жанровых типов публицистического стиля. Рассмотрены педагогические основы овладения жанровыми видами публицистического стиля и эффективные методы овладения жанровыми видами публицистического стиля у студентов. Нами был проведен экспериментальный анализ изучения жанровых типов публицистического стиля. В этой главе представлены упражнения и задания для овладения публицистическим стилем.

**В заключительной части диссертации** дается обзор общей исследовательской работы и уточняются достигнутые цели исследования.

## ABSTRACT

**Theme of the dissertation:** Methods of teaching students the genres of journalistic style

**The structure of the work:** the research work consists of an introduction, two chapters, a conclusion and a list of references.

**Volume of the dissertation:** 84 pages, 7 tables, 27 pictures, 56 references were considered during the research.

**Key words:** word genres, functional styles, journalistic style, text analysis, reportage, interview

**In the first part** of the dissertation, in order to open the topic, we focused on the journalistic style and its theoretical foundations. We have considered the study and division of journalistic style in linguistics. The pragmatic aspects of the genres of journalistic style were identified, and the manifestation of journalistic style in school curricula was clarified.

**In the second part** of the dissertation, based on the findings of the first chapter, the methodological basis for the study of genre types of journalistic style is identified. The pedagogical basis of mastering genre types of journalistic style and effective methods of mastering genre types of journalistic style for students are considered. We conducted an experimental analysis of the study of genre types of journalistic style. Exercises and tasks for mastering the journalistic style are presented in this chapter.

**In the final part** of the dissertation the general research work is reviewed and the achieved goals of the research are specified.

## КІРІСПЕ

Ғылыми зерттеу жұмысымызда функционалды стильдер – стилистика ғылымының негізгі категориясы екенін, функционалды стильдер тілдің қолданысымен, қызмет ету ерекшеліктерімен тікелей байланысты, шынайы қарым-қатынаста, сөйлеуде, мәтінде көрінетінін нақтылап, ғалымдардың еңбектерінен мысалдар келтірілді. В.В. Виноградов функционалды стиль жөніндегі ой-пікірін тұжырымдаған теорияларымен таныстық. Функционалды стиль термині – қазақ тіл білімі ғалымдарының танымынан туындап, қалыптасқан ғылыми атау екені анықталды. Публицистикалық стильдің зерттелінуі және жанрлық көптүрлілігіне кеңірек тоқталып, мысалдар мен дәйектемелер келтірілді. Қазақ қоғамындағы ең алғашқы публицистикалық стильдегі шығармаларды Р. Сыздық еңбектерінен мысал ала отырып қорытындыланды. Бүгінгі публицистикалық жанрлардың ерекшеліктерін айқындадық. Публицистикалық стильдің сипаттамасына тоқталып, публицистикалық стилге анықтама берілді. Публицистикалық стиль – бұл саяси, экономикалық, мәдени, спорттық, күнделікті тұрмыста және тағы басқа қоғамдық қатынастардың кең саласына қызмет көрсететін әдеби тілдің тарихи қалыптасқан функционалды стиль түрі. Бұл стиль үгіт-бұқаралық жұмыста қолданылады. Қоғамдық-саяси әдебиетте, мерзімді баспасөзде (газеттер, журналдар), радио және телебағдарламаларда, деректі кинода, шешендік сөздің кейбір түрлерінде (жиналыстар мен митингтерде) қолданылады. Публицистикалық стильдің мақсаты-қоғамдық-саяси идеяларды насихаттау үшін тыңдаушылар мен оқырмандарға әсер ету қызметін атқарады. Қоғамдық өмірдегі жаңалықтар, өзгерістер туралы жұртшылықты құлағдар етіп, қоғамдық пікір қалыптастырады. Публицистикалық стильдің барлық жанрларына ортақ мынадай қызметтер айқындалды. Публицистикалық стильдің шағын түрлері жайында қазіргі ғылым саласында әрқилы пікірлер жинақталды. Бірқатар зерттеушілер публицистиканың жанрлық түрлерімен (газет тілі, радио тілі, теледидар тілі, кино тілі, т.т.) байланыстырып, оларды жеке-жеке стилішілік түрлері деп есептейді. Негізінде аталған стильдің шағын түрлерін шартты түрде былайша жіктеуге болатыны: үгіттік публицистикалық шағын стиль; саяси-идеологиялық публицистикалық шағын стиль; саяси-бұқаралық публицистикалық шағын стиль нақтыланды. Әрқайсысының бір-бірінен ерекшеленетін сөз қолдану белгілері болады, кейде тілдік-стилистикалық тұрғыдан ортақ тұстары да ұшырасады. Публицистикалық стильдегі сөз жанрларының прагматикалық аспектісіне мысалдар келтірілді.

Екінші тарауда оқушыларға публицистикалық стильдің жанрлық түрлерін меңгертудің әдістемесіне тоқталдық. Публицистикалық стильдің жанрлық түрлерін меңгертудегі артықшылықтар мен қиындықтарды байқадық. Заманауи оқыту әдістеріне сәйкес, публицистикалық стильді креативті оқыту арқылы меңгерту әдістерін іздестірдік. Жалпы ғылыми зерттеу жұмысының өзектілігін көрсету мақсатында әдістемелік тапсырмалар құрастырылды.

Публицистикалық стильдің жанрлық түрлерін меңгертудің эксперименттік жүйесі жасалды.

**Диссертация жұмысының өзектілігі.** Оқушыларға публицистикалық стильдің жанрлық түрлерін меңгертудің әдіс-тәсілдері қарастыру оқушылардың жалпы тілдік сауаттылығымен қатар, танымдық белсенділігін де арттыру үшін тиімді. Алдымен публицистикалық стиль және оның

теориялық негіздері анықталып, публицистикалық стильдегі сөз жанрларының прагматикалық аспектісі нақтыланды. Публицистикалық стильдің мектеп бағдарламаларындағы көрінісін жинақтау арқылы, мектеп оқушыларының публицистикалық стильді білу деңгейін біле аламыз. Публицистикалық стильдің шағын түрлерін оқушыларға меңгерту арқылы сөз, ой, саяси сауаттылықтарын жетілдіруге, ақпараттандыру қоғамында бәсекеге қабілетті болуларына жол ашамыз. Өзімізге дейінгі ғалымдардың еңбектері мен тәжірибелеріне сүйене отырып, қорытындылар жасау арқылы оқушылардың танымдық көкжиегін кеңейтетін боламыз.

**Диссертация жұмысының нысаны.** Диссертация жұмысының нысаны ретінде еліміз және әлем кітапханаларының құжаттары мен зерттеушілер еңбектерін негізгі назарда ұстадық. Виноградов В.В. «Итоги обсуждения вопросов стилистики//Вопросы языкознания» (1955), Сыздықова Р. «Сөз құдіреті. Көп томдық шығармалар жинағы» (2014), Балақаев М., Жанпейісов Е., Томанов М., Манасбаев Б. «Қазақ тілінің стилистикасы» (2005), Салқынбай А., Абақан Е. «Лингвистикалық түсіндірме сөздік» (2000), Ибраимов Қ.Ш. Ахмет Байтұрсынов еңбектеріндегі терминология және стилистика мәселелері: фил.ғыл.канд...дис. автореф (2005), Дүйсембекова Л. «Қазақ ресми іс - қағаздары» (2005) және т.б. ой-пікірлер, сұхбаттар, мақалалар, арнаулар жинағы деректілік негіз ретінде пайдаланылды.

**Диссертация жұмысының мақсаты.** Диссертациялық жұмыстың негізгі мақсаты – оқушыларға публицистикалық стильдің жанрлық түрлерін білудің маңыздылығы мен оның меңгертудің әдіс-тәсілдерін анықтау.

**Диссертация жұмысының міндеттері.** Нақтыланған мақсат нәтижесінде, мынадай нақты міндеттерді белгіледік:

- Публицистикалық стиль және оның теориялық негіздерін анықтау;
- Тіл біліміндегі публицистикалық стильдің зерттелуі мен бөлінісін нақтылау;
- Публицистикалық стильдің мектеп бағдарламаларындағы көрінісін жүйелеп, тұжырымдар жасау;
- Публицистикалық стильдің жанрлық түрлерін меңгертудің педагогикалық негіздеріне тоқталу;
- Оқушыларға публицистикалық стильдің жанрлық түрлерін меңгерту арқылы оқушылардың сөз, ой сауаттылығын қалыптастыру;
- Оқушыларға публицистикалық стильдің жанрлық түрлерін меңгертудің тиімді әдіс-тәсілдерін қарастыру;
- Публицистикалық стильдің жанрлық түрлерін меңгертудің эксперименттік жүйесін жасау.

- Жинақталған материалдар бойынша қорытындылар жасау;

**Диссертация жұмысының ғылыми жаңашылдығы.** Оқушыларға публицистикалық стильдің жанрлық түрлерін меңгерудің әдіс-тәсілдерін заманауи көзқарастар мен құндылықтарға сәйкестендіре отырып, өзімізге дейінгі ғалымдардың зерттеулеріне сүйене отырып, тиімді тәсілдер мен әдістерді анықтау.

**Диссертация жұмысында қолданылған зерттеу әдіс-тәсілдері.** Талдау әдісі, анықтау, жанрлық салыстыру, сараптау, тұжырымдау әдістері қолданылды.

**Диссертация жұмысының теориялық және практикалық маңызы.** Жұмыстың қорытындысы мен тұжырымдарын оқушыларға публицистикалық стильдің жанрлық түрлерін меңгерудің әдіс-тәсілдері мен мазмұнын анықтауда, зерттеу барысында пайдалануға болады.

Сонымен қатар публицистикалық стильдің жанрлық көптүрлігін анықтап, оларды мектеп оқушыларына түсіндіру барысында қолдануға болады. Публицистикалық стильдегі сөз жанрларының прагматикалық аспектісін зерттеп, ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізуде ақпараттық негіз болады. Публицистикалық стильді оқушыларға оқытуда тиімді әдіс-тәсілдерді кеңірек пайдалануға болады.

**Зерттеу жұмысының құрылымы.** Диссертация жұмысы екі тараудан, алты тараушадан, кіріспе мен қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі және қосымшадан тұрады.

# 1. ПУБЛИЦИСТИКАЛЫҚ СТИЛЬ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

## 1.1 Тіл біліміндегі публицистикалық стильдің зерттелуі мен бөлінісі

Функционалды стильдер – стилистика ғылымының негізгі категориясы. Функционалды стильдер тілдің қолданысымен, қызмет ету ерекшеліктерімен тікелей байланысты, шынайы қарым-қатынаста, сөйлеуде, мәтінде көрінеді. В.В. Виноградов функционалды стиль жөніндегі ой-пікірін былайша тұжырымдайды: «Стиль – бұл жалпыхалықтық, жалпыұлттық тілдің белгілі бір саласында қарым-қатынас құралдарының сұрыпталып тіркесуі, қолдану тәсілдерінің қоғамдық тұрғыдан қабылданған, функционалдық тұрғыдан шартталған, іштей біріккен жиынтығы. Ол басқа мақсатқа қызмет ететін, басқалай қызмет атқаратын өзі сияқты бейнелеу тәсілдерімен бір қатарда тұрады» [1,б.73]. Функционалды стиль термині – қазақ тіл білімі ғалымдарының танымынан туындап, қалыптасқан ғылыми атау. Лингвистикада функционалды стиль мәселелерімен айналысқан ғалымдар В. Виноградов, Г. Винокур, Л. Щерба, Р. Будагов, М. Кожина «функционалды стильді – тарихи және элеуметтік категория» ретінде түсіндіреді. Функционалды стиль тілдің әр түрлі қызметімен (функциясымен) тікелей байланыста болатындығы атап көрсетіледі, сонымен қатар стиль тілдің қандай мақсатта, кімге арнап жұмсалатындығына қатысты құбылыс болғандықтан, оның қызметтік сипатының маңызы зор екені айқындалады. Стильдердің қызметтік сипаты қоғам өмірінің кез келген саласында көрініс табады. Зерттеушілер тілдің қызметінің түрлерін былайша көрсетеді. А.А. Леонтьевтің пікірі бойынша, 1) қарым-қатынас жасау қызметі (коммуникативтік), 2) ойлау құралы ретіндегі қызметі, 3) адамзаттың элеуметтік тарихи тәжірибесін меңгеру құралы ретіндегі қызметі, 4) ұлттық мәдени саладағы қызметі, 5) таным құралы қызметі деп бөледі; ал В.А. Аврорин тіл: 1) қатынас құралы (коммуникативтік), 2) ойды білдіру (экспрессивтік), 3) ойды қалыптастыру (конструктивтік), 4) тәжірибе мен білім жинау (аккумулятивтік) қызметтерін атқарады деп есептейді. Ал В.В.Виноградов тілдің қызмет ету сипатын қарым-қатынас қызметі, хабарлау қызметі, әсер ету қызметі деп үшке бөледі. Тілдің элеуметтік қызметіне функционалды стильдердің әсері бар екені белгілі. Демек, функционалды стильдердің пайда болып, қалыптасуына тілдің элеуметтік қызмет өрісі, яғни экстралингвистикалық факторлар тікелей ықпалын тигізеді. Қазақ тіл білімінде функционалды стиль терминінің мәні мен маңызын айқындап, өзіндік ерекшеліктерін талдап ұсынуда көрнекті ғалымдар М. Балақаев, М.Томанов, Б. Манасбаев, Е. Жанпейісов, С. Исаев, Р. Сыздық, М. Серғалиевтардың ой-пікірлерінің, тұжырымдарының маңызы зор. Ғалым Рабиға Сыздық «Сөз құдіреті» атты еңбегінде «функционалды стиль» терминіне қазақша атау ұсынып, өзіндік пайымдауларын тілдік деректер негізінде орынды дәлелдейді. «Қызметтік стиль» дегеніміз – «функциональный стиль» сөзінің дәлме-дәл аудармасы болмақ, бұл жердегі «функция» сөзінің мағынасы «қызмет» дегеннен гөрі, «мақсат, арнау» ұғымдарына саятынын

ескерсек, «мақсаттық стиль» деген нұсқасы ұтымды балама болатынын алға тартады [2, б. 217]. «Функционалды» деген терминді қазақшалап «мақсатты» деп, «функционалды стильді» «мақсатты стиль» деп атауды ұсынады.

Академик терминдердің көпшілікке түсінікті, тілге жатық болуын көздеп, ана тіліміздің ішкі мүмкіндіктерін қолданып жасалынған балама атаулардың ғылым саласы үшін аса қажеттілігін баса айтады. Қазақ тіл білімінде стилистика саласы бойынша тұңғыш ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізген ғалымдарымыз М. Балақаев, Е. Жанпейісов, М. Томанов, Б. Манасбаевтардың еңбегі зор. Зерттеушілердің «Қазақ тілінің стилистикасы» атты тұңғыш еңбегінде «сөйлеу стилі және кітаби-жазба стильдер» деп қолданылады. Бұлай «кітаби-жазба стильдер» деп аталуы, біріншіден, олардың «шығу тегі», қалыптасу негізін көрсетсе, екіншіден, ол стильдердің кітабилығын аңғартады. Ал кітабилық стильдік белгі қазақ тілі стилистикасы туралы жазылған еңбектерде «функционалды стильдер» делініп жүр. Мұнда «функционалды» сөзі стильдердің қай салада қандай қызмет атқаратынын аңғартады; сондай-ақ қазақ тілінде «стильдер жүйесі», «әдеби тіл стильдері» деген терминдер де қолданылады [3, б. 19-27].

Сонымен қатар А. Салқынбай мен Е. Абақанның «Лингвистикалық түсіндірме сөздігінде» функционалды стильге мынадай анықтама берілген: **Функционалды стиль** – әдеби тілдің бір түрі. Тілдің әртүрлі қызметімен байланысты болады. Оның дамуына тілден тыс жатқан факторлар әсерін тигізеді. Бұлардан басқа сөздің авторы адресат (тыңдаушы адам, аудитория), хабардың тақырыбы, сөйлеудің мақсатына өз әсерін тигізеді. Қазіргі әдеби тілде: күнделікті – әдеби, саяси-техникалық, ресми-іскерлік және ғылыми функционалды стильдер ерекшеленеді. Бірақ әр стильдің орны әр тілде өзгеше болады. Барлық тілдерде негізгі орында күнделікті әдеби стиль тұрады, бұл әдеби тілдің «бейтарап» түрі болып есептеледі [4, б. 266]. Ғалымдар арасында функционалды стиль ұғымы туралы екі түрлі көзқарас бар: біріншісі, функционалды стильдер әдеби тілдің түрлері; екіншісі, функционалды стильдер – тілдесімдік құбылыс, яғни тілдесім стильдері. Екінші көзқарас доминанттық көзқарас, сондықтан бұл пікір басым көпшілік ізденістердің ғылыми негізі болып келеді. Ахмет Байтұрсынұлы функционалды стиль ұғымын *тілдік* және *тілдесім* деп түсінген, ғалымның пайымдауынша функционалды стиль – «сөйлеудің» бір түрі [5, б. 12].

Жалпы алғанда, функционалды стильдің үш негізгі белгісін атап көрсетуге болады. Олар:

1) қоғамдық өмірдің белгілі бір саласын бейнелейді, олардың өзіндік қолданыс аясы, өз тақырыбы бар;

2) қарым-қатынастың белгілі бір жағдайын көрсетеді – ресми, бейресми;

3) өзіндік ұстанған бағыты, тілінің негізгі мақсат-міндеті бар [6, б. 93].

«Тілдегі стильдердің дамып жіктелуі белгілі бір жанрдың пайда болуымен байланысты. Сондықтан әдеби тілдің стильдерін таптастыруда ең алдымен жанрлық принципті негізге алу қажет» [7, б. 15]. Ал жанрдың пайда болуы, жазба әдеби тілдің даму қалпын көрсетеді. Жазба тілдің жетіле түсуі

ғылым мен техника, әдебиет пен өнер салаларының дамуына байланысты. Ғылым мен мәдениет салаларының дамуы жаңа жанрлардың пайда болуына ықпал жасайды. Ол жанрға сай тілімізде жаңа стиль қалыптасады. Кейде стильдердің қосарлана пайдалануы арқылы түрлі тілдік құбылыстардың өзгерістерін аңғаруға болады. Кейінгі жылдары қазақ тілінің тек грамматикалық құрылысы жетіліп, лексикасы молығып қана қоймай, сонымен бірге қазақ әдеби тілінің стильдер жүйесі, функционалды стильдері де дамып жатыр. Зерттеушілер әдеби тілдің стильдік тарамдалуына жанр принципін негіз етеді. Соған орай көркем әдебиет жанрына көркем әдебиет стилі, тағы сол сияқты әр жанрға әр стиль сай келмек. Тілдің функционалды стилі дегеніміз, жоғарыда көрсетілгендей, әдебиеттің белгілі бір жанрына немесе әлеуметтік іс-әрекеттің белгілі бір саласына сәйкестендіріліп қалыптасқан тұлға-тәсілдер жүйесі, семантикасы мен экспрессиясы жағынан біршама тұйықталған (әр стильге қарай іріктелген) тілдік құралдар тобы. Демек, тілдің функционалды стильдері – ең алдымен оның әдебиет жанрына қарай ажыратылған тарамдары. Стиль туралы сөз қозғалғанда, тілдің барлық элементтерін қамтуға тура келеді: «Стиль ойды білдіру құралдарының жүйесі ретінде, тіл құрылымының барлық элементтерін: дыбыстарды да, грамматикалық тұлғаларды да, сөз қазынасын да, фразеологиялық тіркестерді де және осы салалардың композициялық-синтаксистік жағынан құрылу тәсілдерін де қамтиды» [8, б. 230].

Қазақ тілінің осы күнгі стильдік тарамдалуының басы ХІХ ғасырдың ІІ жартысына тура келеді. Бұл тұста қазақ тілінде мерзімді баспасөз пайда болды, соған орай әдебиеттің қоғамдық-публицистикалық жанрының іргетасы қалана бастады. Бұл жанр қазақша публицистикалық стильдің алғашқы үлгілерін туғызды. Қоғамдық-публицистикалық жанрдың публицистикалық стильдің алғашқы үлгілерінің бойында қазіргі біз түрлі стильге бөліп қарастыратын тілдік көріністер де болды. Демек олардың бір-бірімен етене жақын екенінің себебі де осы болса керек. Қазіргі публицистикалық мәтіндердің өн бойында біз алғашқы үлгілердегі секілді көркем-әдеби стильдің, сонымен қатар ғылыми және тағы басқа стильдердің өрнектерін көре аламыз.

Өткен ғасырдың соңғы онжылдығынан бастап, қазақ тілінде көпшілікке арналған жартылай ғылыми әдебиет жанры жанданды. Бұл стильдің едәуір етек жая бастаған тұсы – ХХ ғасырдың басы, ал нағыз өркендеген, айқындалған дәуірі – қазіргі кезең. Сондай-ақ көркем әдебиет стилінің де проза жанрын қамтып, әлдеқайда дами түсуі ХІХ ғасырдың орта тұсынан басталады. Бұған Ыбырай мен Абай шығармалары үлкен себепші болды. ХХ ғасырдың басы – қазақ көркем әдеби стилінің бірсыпыра күшейген, өз ішінен тарамдалған тұсы. Осы кезеңде проза, драматургия жанрларына сай белгілер пайда болып, әрі қарай дамыды, стильдер жігі айқындала түсті. Сөйтіп, ХІХ ғасырдың ІІ жартысында қазақтың ұлттық әдеби тілінің мынадай функционалды стильдері болды: көркем әдебиет стилі, публицистикалық стиль, жартылай ғылыми стиль, ресми іс-қағаздары стилі, эпистолярлық стиль [9, б. 26].

Қазақ зерттеушілері стиль түрлеріне ажыратуда да қазақ ғалымдарының: функционалды стильдердің қалыптасуы мен даму заңдылықтарын зерттеудің

негізгі көзі тілдің қолданысы болады, бұл қолданыстар белгілі бір жанрға тән болып келеді немесе «жанрға қатысты бөлінген стильдер айқынырақ танылады» деген тұжырымдарын басшылыққа алып, қазақ тілінің функционалды стильдерін жанрлық негізде саралайды: көркем әдебиет үлгілері көркем әдебиет стилін, публицистикалық әдебиет жанры публицистикалық стильді, ресми іс-қағаздар мен кеңсе тілінің стилі, ғылыми-техникалық әдебиет стилі деп жіктейді.

Қазақ тіл білімінде функционалды стильдерді жіктеудің біршама қалыпқа түскен, оқулықтарға ұсынылған дәстүрлі үлгісі бар. Олар:

- публицистикалық;
- ресми-іс қағаздар;
- ғылыми
- көркем әдебиет стильдері.

Бұл – «Прага мектебі» ғалымдары мен Ш. Баллиден келе жатқан классификация, оны Л.В. Щерба мен академик В.В. Виноградов бастаған бірқатар қазақ тіл мамандарының қолдағаны белгілі. Сонымен, функционалды стильдерді жіктеуде де қазақ зерттеушілері қазақ тіл біліміне сүйенгені анық көрінеді.

Ал ғалым Ахмет Байтұрсынұлы ұсынған функционалды стиль мәтіндері төртеу. Олар:

- ғылыми стиль мәтіндері;
- публицистикалық стиль мәтіндері;
- ресми стиль мәтіндері;
- көркем әдебиет стиль мәтіндері [5, б. 12].

Кейбір зерттеуші ғалымдар функционалды стильдердің құрамына көркем әдебиет стилін қоспайды. Мәселен, «Развитие функциональных стилей современного русского языка» (М., 1968) деген жинақта көркем әдебиет тілі функционалды стиль қатарында сөз етілмейтінін көреміз. В.Д. Левин, В.П. Мурат секілді зерттеушілер көркем әдебиетті функционалды стиль үлгісі деп танымайды. Ал көптеген ғалымдар (В.В. Виноградов, Р.А.Будагов, Л.В. Щерба, А.И. Ефимов, Р.И. Гальперин, А.Н. Гвоздев, В.Г.Адмони, Е.М. Галкина-Федорук, М.Н. Кожина т.б.) көркем әдебиет үлгілерін өз алдына функционалды стиль түріне жатқызады. Зерттеушілерден В.В. Виноградовтың классификациясы көңілге қонымды. Ғалым тілдің қолданыстағы мақсатты бөлінісін:

– күнделікті тұрмыстағы сөйлеу стилі (ол қарым-қатынас жасау қызметін өтейді);

– іс-қағаздар, ресми құжаттар және ғылыми еңбектер стилі (ол хабарлау қызметін атқарады);

– публицистикалық стиль;

– көркем беллитристикалық стиль (ол әсер ету қызметін өтейді) деп қарастырады. Сонымен, көркем әдебиет стилі, публицистикалық және ғылыми стиль, ресми-іс қағаздары стилі, ауызша сөйлеу стилі деген дәстүрлі классификация шығады. Профессор Б. Шалабай: «Қазіргі кезде стилистика

ғылымында әдеби тілдің бес функционалды стилі белгілі. Олар ғылыми, ресми, публицистикалық, көркем әдебиет және ауызша сөйлеу стильдері. Олардың өздері қатынас жасаудың нақтылы жағдай, міндеттеріне байланысты тағы ұсақ түрлерге жіктеледі. Оның үстіне функционалды стиль араласып та келе береді. Функционалды стильдердің әр түрінің элементтері қабаттаса қолданылып, көп қабатты стильдік құбылыстар пайда болады. Бұл жағдайда стильдердің өзара нәтижесінде және олардың өз ішінде бөлінісі себепті жасалады. Сөйтіп, тілде функционалды стильдік және стилішілік жіктеліс өте күрделі, сан тармақты болып келеді» – дейді [10, б. 73-74].

Ғалымның пайымдауынан функционалды стильдердің тілдік ерекшеліктері қабаттасып та, араласып та келетіні, өзара жіктеуі күрделі болатыны айқындалады.

Әрбір функционалды стиль жалпы әдеби нормада пайдаланудағы өзіндік ерекшелігі бар түрлі жанрдағы шығармаларды қосып алады. «Қазақ тілінің орфографиялық анықтағышы» атты еңбекте функционалды стильді мынадай жүйеде ұсынған: «Қоғамдағы әр түрлі қарым-қатынасты жүзеге асырудың құралы ретінде қызмет ете келіп, тіл белгілі салаға бейімделе түседі. Осы саладағы қарым-қатынас әдеби тілдің бес түрлі стильдік тармақтары арқылы жүзеге асады. Олар: ғылым, білім, оқу-ағарту саласы – ғылыми стиль; құқықтық сала, заңнама – ресми стиль; көркем өнер саласы – көркем әдебиет стилі; қоғамдық – саяси сала – публицистикалық стиль; тұрмыстық қатынас саласы – сөйлеу тілі стилі» екендігі көрсетілген [11, б. 5].

Қазақ тіліндегі функционалды стильдердің көптеген мәселелері зерттеу нысанына алынып, ғылыми тұрғыдан қарастырылып, жан-жақты зерттеліп, бірқатар еңбектермен толығуда. Функционалды стильдердің жанрлық ерекшеліктеріне қарай жүргізілген зерттеулер жүйеленіп ұсынылды:

- қазан төңкерісіне дейінгі баспасөз тілін (Б.Әбілқасымов);
- кеңес дәуіріндегі баспасөз тілін (С.Исаев);
- қазіргі кезеңдегі баспасөздің, радио-теледидар тілін (О.Бүркітов, А.Алдашева, Б.Момынова, А.Жұмағұлова, Н.Уәли, Г.Машинбаева, Д.Ғаббасова, Д.Бисмильдина, т.б.);
- қазақ ауызекі сөйлеу тілін (Р.Әміров, З.Ерназарова, т.б.);
- ресми тілді (Р.Сыздық, Н.Ерғазиева, А.Алдашева, З.Ахметжанова, Қ.Қадашева, Э.Сүлейменова, С.Ережепова, Л.Дүйсембекова, Б.Әбілмәжінова, А.Дуанбекова, т.б.);
- ғылыми тілді (А.Байтұрсынұлы, Ә.Қайдар, Ө.Айтбайұлы, Р.Сыздық, Ш.Құрманбайұлы, Ш.Біләлов, С.Әлісжанов, Ш.Мәжітаева, Ж.Амирова, Ж.Құрмамбаева, т.б.);
- көркем әдебиет тілін (А.Байтұрсынұлы, М.Балақаев, Р.Сыздық, Е.Жанпейісов, М.Серғалиев, Б.Шалабай, Х.Кәрімов, Н.Уәли, Г.Әзімжанова, Г.Мұратова, Г.Смағұлова, т.б.) ғалымдарымыз функционалды стильдердің стильдік ерекшеліктеріне қарай жан-жақты әрі терең ғылыми зерттеулер жүргізілгені дәлелденді.

Қазақ тіліндегі функционалды стильдерді зерттеген ғалымдардың тұжырымдары мен зерттеулері негізінде қазақ әдеби тіліндегі функционалды

стильдер ресми іс-қағаздар стилі, публицистикалық стиль, ғылыми стиль, көркем әдебиет стилі және ауызекі сөйлеу стилі деп топтастырылды.

Біздің зерттеуімізге объект ретінде алынған публицистикалық стильдің қолданыс аймағын, зерттелінуі мен қызметтерін анықтап алғанымыз жөн деп ойлаймыз. Оқытушы дәріс оқыса, ғалым ғылыми конференцияда баяндама жасайды, дипломаттар келіссөздерге қатысады, оқушылар емтихан тапсырады немесе оқушы сабаққа жауап береді, онда олардың сөзі ресми емес, күнделікті жағдайда: мерекелік үстел басында, достық әңгімелесуде, отбасы ортасында қолданылуымен ерекшеленеді. Қарым-қатынас кезінде қойылатын және шешілетін мақсаттар мен міндеттерге байланысты әртүрлі тілдік құралдарды іріктеу жүргізіледі және бірыңғай әдеби тілдің өзіндік түрлері, біз жоғарыда сөз еткен функционалдық стильдер қалыптасады. Функционалдық стиль әдеби тілдің әртүрлілігі әрбір нақты жағдайда тілді орындайтын рөлдің негізінде ерекшеленеді. Ғылыми еңбектер, оқулықтар, баяндамалар ғылыми стильмен жазылады; баяндамалық, қаржылық есептер, бұйрықтар, өкімдер ресми-іскерлік стильде жасалады; газеттердегі, журналдардағы мақалалар, радио және теледидардан сөз сөйлеулер публицистикалық стильге негізделген; әртүрлі тұрмыстық мәселелерді талқылаған кезде, сөйлеу стилі пайдаланылады.

Публицистикалық стиль аясында газеттік әртүрлілік кеңінен таралған, сондықтан лингвистикалық әдебиетте бұл стиль газет-публицистикалық деп аталады. Бұл стиль журналдарда да қолданылады. Газет-публицистикалық сөз ең алдымен, массаға әсер етуге арналған, сондықтан ол оқырмандардың мүдделерін барынша ескереді. Газет немесе журнал тілінің маңызды ерекшелігі оның жалпыға қол жетімділігі, коммуникативтік маңыздылығы болып келеді. Біздің зерттеу жұмысымыздың міндеті — публицистикалық стильдің тілдік ерекшеліктерінің көмегімен сендіруге, насихаттауға болатынын түсіну, сонымен қатар оқушылардың санасында публицистикалық стиль арқылы жаңа бір тіл әлемін, еркіндік дүниесін жарату. Публицистикалық стильде еркін сөйлеуге немесе жазуға жаттыққан бала кез келген уақыт пен мекенде өз ойын дәлел, дәйектермен нақты жеткізуді үйренеді. Яғни, мұның бәрі адамның риторикалық шеберлігін арттырады немесе қалыптастырады. Бұл жұмыстың өзектілігі оның қызметінде тілдің оқытылуымен анықталады, сонымен қатар публицистика коммуникациялық процесте үлкен рөл атқарады (адамдардың сана-сезіміне және сөйлеуіне әсер етеді). Оқушы публицистикалық стильдің мәнін ұғыну арқылы өзінің шығармашылық қабілеттерін дамыта алады, әрі қисынды ойлауды да үйренеді. Себебі, нақты бір қисынға сүйеніп қана олар бұл стильді тиімді пайдаланатын болады. Публицистикалық стильдің мектепте қандай тиімді әдіс-тәсілдермен үйретілуіне байланысты қызықты тұжырымдар жасауға талпындық.

Публицистикалық стильдің сипаттамасы. Публицистикалық стильді анықтау. Публицистикалық стиль – бұл саяси, экономикалық, мәдени, спорттық, күнделікті тұрмыста және қоғамдық қатынастардың кең саласына қызмет көрсететін әдеби тілдің тарихи қалыптасқан функционалды стиль түрі. Бұл стиль үгіт-бұқаралық жұмыста қолданылады. Қоғамдық-саяси әдебиетте,

мерзімді баспасөзде (газеттер, журналдар), радио және телебағдарламаларда, деректі кинода, шешендік сөздің кейбір түрлерінде (жиналыстар мен митингтерде) қолданылады. Публицистикалық стильдің мақсаты - қоғамдық-саяси идеяларды насихаттау және насихаттау үшін тыңдаушылар мен оқырмандарға әсер ету.

Публицистикалық стильдің тарихы. Публицистика әдебиет түрі ретінде Ресейде XI ғасырда пайда болды. Публицистикалық стиль XV-XVII ғғ. XVIII ғасырда оның одан әрі дамуы бірінші орыс баспа газеті «Ведомости» шығуымен және бірқатар журналдардың құрылуымен байланысты болды. Соңғы публицистикалық стиль XVIII ғасырдың аяғы – XIX ғасырдың басындағы жазба мәтіндерінде қалыптасты.

Қазақ тіл білімінде бүгінгі таңда да публицистикалық стиль (бұқаралық ақпарат құралдарының тілі) функционалды стильдердің бірі ретінде әбден қалыптасып, жан-жақты зерттелініп келеді. Публицистикалық стильдің негізгісі әрі алғашқысы газет тілі болып есептеледі. Бұл тұрғыдан тұңғыш қазақ газеттерінің тілін Б. Әбілқасымов, 1920 жылдардағы мерзімді баспасөз тілін С. Исаев, қоғамдық публицистикалық стильді О. Бүркітов секілді ғалымдар зерттеген. Қазіргі қоғамдық әлеуметтік шындыққа байланысты коммуникативтік қызметі ерекше публицистикалық стильдің жан-жақты қырлары түрліше бағытта зерттелуде. Мысалы, газет лексикасына байланысты А. Алдашеваның, Б. Момынованың, сол сияқты публицистика, газет тілінің прагматикасы туралы Б. Жұмағұлованың, Ф. Жақсыбаеваның зерттеу еңбектері бар. Ал теледидар тіліне байланысты зерттеулер енді жүргізіле бастады. Мәселен, теледидар хабарлары тілін лингвопрагматикалық аспектіде зерттеген ғалым Г. Машинбаева, сондай-ақ теледидардан берілетін хабарлардың тілін сөз мәдениеті тұрғысынан Д.Бисмильдина талдап қарастырған. Белгілі ғалым Н. Уәли «Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері» атты диссертациялық жұмысында «публицистикалық дискурс және сөз мәдениеті» мәселелеріне назар аударып, жаңа бағыт-бағдарлар тұрғысынан публицистикалық стильдің сөз мәдениетімен арақатынасын тиянақты зерттеген.

Публика – латын сөзі, «көпшілік» мәнін білдіреді. XIX ғ. II жартысында негізі қаланған стиль түрі – бүгінде қоғамға аса қажетті, маңызды мәселелерді насихаттап, көпшілікке кеңінен қызмет етіп отырған қазіргі әдеби тілдің ең жүгі ауыр, елеулі саласы [26, б.108].

Публицистикалық стильдің шағын түрлері жайында қазіргі ғылым саласында әрқилы пікірлер кездеседі. Бірқатар зерттеушілер публицистиканың жанрлық түрлерімен (газет тілі, радио тілі, теледидар тілі, кино тілі, т.т.) байланыстырып, оларды жеке-жеке стилішілік түрлері деп есептейді. Негізінде аталған стильдің шағын түрлерін шартты түрде былайша жіктеуге болады:

- үгіттік публицистикалық шағын стиль;
- саяси-идеологиялық публицистикалық шағын стиль;
- саяси-бұқаралық публицистикалық шағын стиль.

Әрқайсысының бір-бірінен ерекшеленетін сөз қолдану белгілері болады, кейде тілдік-стилистикалық тұрғыдан ортақ тұстары да ұшырасады. Мына үзіндіге назар аударалық:

Еліміздің абыройын асыратын игі істердің тағы бірі – дінаралық татулық. Егемендігіміздің елең-алаңында аяқ алысымыздың аңысын аңдыған талайлардың Қазақстанды іштен ірітетін осал тұстарының бірі оның көпдінділігі деп жамандық шақырып баққанын біз ұмыта қойған жоқпыз. Президент Нұрсұлтан Назарбаев ол мәселенің де шешімін тапты. Елдің өз ішінде шешіп қана қоймады ол мәселені, осыдан он жыл бұрын Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезін шақырып, оны дәстүрге айналдырып, Қазақстанды дүние дидарындағы дінаралық татулық мекені ретінде танытты, әртүрлі діндердің бір елде келісімге келіп, жарасымды дами алатынын нақты дәлелдеп берді, осы арқылы бүкіл әлемдегі дінаралық шиеленісті бәсеңдетуге, яғни бейбітшілікті нығайтуға үлкен үлес қосты («Егемен Қазақстан», 2013 жыл) [12]. Келтірілген мысалдың саяси-идеологиялық публицистикалық шағын стилінде жазылғанын бірден аңғаруға болады. Саяси мазмұндағы дін тақырыбына арналған өткір мәселелердің сөз болып отырғаны түсінікті, қалың бұқараға етер әсері де ерекше, идеологиялық іс-шаралардың дұрыс жолға қойылғандығы, Елбасының салиқалы саясатының арқасында еліміздің сарабалда даму жолы жайында саяси мәселелерден толыққанды ақпарат ала аламыз.

Публицистикалық стильдегі шығарма қандай тақырыпқа жазылса да, логикалық жағынан дәлелді, көңілге қонымды болып, бұқараға ықпал ету сипаты басым келеді. Қоғамдық өмірдегі жаңалықтар, өзгерістер туралы жұртшылықты құлағдар етіп, қоғамдық пікір қалыптастырады.

Публицистикалық стильдің барлық жанрларына ортақ мынадай қызметтері айқындалған:

- ақпараттық (түрлі деректер мен хабарларды жеткізу);
  - түсініктеме-баға берушілік (берілетін деректер көбінесе түсіндірумен, талдаумен немесе баға берушілікпен жеткізіліп отырады);
  - танымдық-ағартушылық (мәдени-тарихи және ғылыми материалдарды жариялай отырып, БАҚ тыңдармандардың, оқырмандардың, көрермендердің білім қорын толықтырып отырады);
  - ықпал ету қызметі (көпшіліктің саяси-әлеуметтік көз-қарасына, санасына әсер етушілік);
  - гедонистикалық (әдетте, мұндай қызмет көңілді хабарларды жеткізу кезінде байқалады, әсіресе, радио мен телевизия арқылы кез келген хабардың тыңдарман мен көрермендердің көңіл-күйін көтеретіндей, эстетикалық қажетін өтейтіндей тартымды, әсерлі жүргізілуі).
- Публицистикалық стильдің экстралингвистикалық сипаты төмендегідей:

- ақпараттың жедел қабылдануы;
- хабардың толыққанды жеткізілуі;
- баяндаудың:
  - а) нақтылығы;

- ә) фактографиялылығы;
- б) логикалылығы;
- в) ықшамдылығы;
- г) экспрессивті-эмоционалдылығы;
- ғ) қимыл-әрекетке итермелеуі [26, б. 117].

Публицистикалық стильдің (бұқаралық ақпарат құралдарының) жазбаша түріне мерзімді баспасөз (визуалдық), ауызша түріне радио (аудиалдық), теледидар хабарлары, деректі кино (аудиовизуалдық) жататыны белгілі.

Ал жанрлық түрлері:

- мақала;
- ақпараттық хабар;
- очерк;
- халықаралық шолу;
- памфлет;
- сұхбат және т.т.

Әрқайсысының өзіндік сөз қолдану ерекшелігі, экстралингвистикалық, тілдік-стильдік сипаты (белгілері) айқындалады. Басты стильдік сипаты: мұнда қолданылатын сөз үндеу мәнінде жұмсалады. Сөз эмоционалды-экспрессивті сипатта болады (еңбек ардагері, дем беруші, көшбасшы, нық қадаммен, т. б.). Тілдің осындай эмоционалды-экспрессивтілігі жағынан көркем стильге жақын, ал фактіні толық және жүйелі баяндау тәсілі жағынан ғылыми стильге жақын екендігі көрінеді. Публицистикалық стильдің әдеби ауызша түріне радиотеледидардан берілетін хабарлар жатады дедік. Зерттеушілер телехабарлардың құрылымы тетрададан (төрттіктен) тұратындығын атап көрсетеді:

- сөйлеу тілінен;
- табиғи дыбыстан;
- музыкадан;
- көріністен (М.Серғалиев).

Олай болса, аудиовизуалдық хабарлардың адресаттары көрермен, тыңдарман, кей реттерде бұған қоса оқырман болып келеді. Бұқаралық ақпарат құралдарының осындай ерекшеліктеріне байланысты ол хабарлардың тілдік сипаты да әр түрлі дәрежеде көрінеді.

Публицистикалық стильдің барлық түрлеріне ортақ лингвистикалық ерекшеліктер төмендегідей:

- лексика мен фразеологияда – қоғамдық-саяси терминдер мен сөздер (хабар, репортаж, ереуіл, парламент, демократия, сұхбат, диктор);
- бағалауыш лексикалық бірліктер (ұлтжандылық, көшбасшысы, бәсекеге қабілетті, ұрпақтар сабақтастығы, ақпараттар ағыны т.т.);
- ілгеріде келтірілген эмоционалды-экспрессивті сөз орамдары, перифразалар (көгілдір экран, ақ халатты абзал жан, қара алтын, дала кемесі т. б.);

– стандарт тілдік бірліктер (арнайы тілші репортажы, жаһан жаңалықтары, тілшіміз әңгімелейді, т.т.);

– грамматикада – қосарлы сөздер (бұқаралық-саяси, үгіт-насихаттық т.б.), бұйрық рай тұлғалы сөздер (жүзеге асырайық, оңды нәтижеге жетеміз, іске жұмылдырылсын);

– сөздердің инверсиялануы, қаратпа сөздердің, риторикалық сұрақтардың, әртүрлі қайталамалардың, көркемдік құралдардың қолданысқа түсуі, ықшамдалған сөйлемдер мен түрлі синтаксистік құрылымдардың пайдаланылуы, өзге де стиль түрлеріне тән белгілердің кездесуі жиі байқалады. Мәселен, ақпараттың толық әрі нақты жеткізілуін қамтитын синтаксистік құрылымдарға негізделген баспасөз тіліне қарағанда, теледидардан көрсетілетін жаңалықтар мен ақпараттар легі қысқа әрі нұсқа үлгісіндегі сөйлемдермен жеткізіледі, онда стандарт тілдік бірліктер, дәстүрлі қалыптасқан сөз үлгілері жиі жұмсалады.

Мысалы: Бүгінгі көретіндеріңіз; Арнайы тілші репортажы; Назарларыңызға ұлттық арнаның қорытынды жаңалықтары; Тікелей эфирде «Хабар» арнасының қорытынды жаңалықтары; Хабарымызды жалғастырамыз; Тілшіміз әңгімелейді; Ендігі кезек спорт жаңалықтарында; Жаһан жаңалықтары; Бүгін сіздермен Ғалым Жүніс, Иса Қайнар және т.б. Мұндай құбылыс – теледидар хабарлары тілінің табиғатына тән ерекшелік.

Публицистикалық стильдің ауызша әдеби түрі – өзінің атқаратын қызметі, тілдік-стильдік элементтерді пайдалану принциптері, кімдерге қаратыла айтылатындығы жағынан жазба тілден де, ауызекі сөйлеу тілінен де бөлек танылатын құбылыс. Бұл түрі шаршы топ алдында сөйленетін, ресмилік сипаты бар тіл тәжірибесіне негізделеді. Демек, ана тіліміздің сөздік қорын байытып, әдеби тілімізді дамытып кеңейтетін, сөйлеу мәдениетін көтеруге пайдасын тигізетін теледидар тілін ғылыми тұрғыдан зерттеп-зерделеу мәселесі аса маңызды болып отыр. Осы бағыттағы түбегейлі ғылыми зерттеу жұмыстары бірінші кезекте радио-теледидар тілі дейтін мәселелердің жете сөз етілмей, қарастырылмай келе жатқандығын алғаш рет таныған ғалым М.Серғалиевтың бірқатар мақалалары мен ой-тұжырымдарынан басталады. Ғалым телехабарлардың тіл тазалығы жөнінде, ондағы тележүргізушілер мен дикторлардың тілінде ұшырасатын бейнормалық элементтердің орынсыз қолдану мәселелерін сынай отырып, тіл мәдениетінің көрсеткіші – газет-журналдар мен радио, теледидар тілі екенін пайымдай келіп:

«Солай бола тұра, радио тілі, телевизия тілі дейтін мәселелер тасада қалып келе жатыр. Саусақпен санарлық газет мақалалары бұл олқылықты тіптен толтыра алмайды. Әлі бұл тұрғыдан теориялық та, практикалық та мәні бар жайлар толып жатыр. Ондағы жылдар бойы жинақталған материалдар негізінде радио тілінің де, телевизия тілінің де теориясын жасайтын мезгіл жетті» – дейді (Серғалиев). Бұл пікірдің айтылғанына біраз уақыт өтті. Бұл бағытта жоғарыда айтылғандай, теледидар тілін зерттеу ісі қолға алынып, теориялық мәселелері біршама ғылыми тұрғыдан игеріле бастады. Теледидар тілінің зерттелініп, мән-мазмұнының ашылуы ұрпақ

тәрбиесінің де қайнар көздерінің бірі. Себебі, көкжәшіктен берілетін ақпараттарға балалар қаншалықты сенсе, ол жақтан естіген сөздерін өмір бойы ұмытпайды. Демек, теледидардан айтылатын әрқайсы сөз ұлтымыздың, тіліміздің ертеңінен айғақ береді.

Радио-теледидар хабарларының тілі қандай дәрежеде дегенде, жинақтап айтар болсақ, жаңалықтарды дер кезінде жеткізу қызметінің қалыптасқандығы; материалдардың нақтылы тақырыппен, жүйемен топтастырылуы; диалогке қатынасушылардың сөйлеуге әзірлену дәстүрі; хабар жүргізушінің еркін түрде, қысылмай сөйлеуі; хабардың берілу тәртібіне сәйкес техникалық құралдардың пайдаланылу реті т.б. біршама тартымды сипатта көрінеді. Радио-теледидар тілі ауызекі сөйлеу тілімен тең емес, арақатынасын ажырату керек. Әрине, сөздерді сұрыптап, керегінше пайдалану хабардың жанрлық ерекшелігіне қарай жүзеге асады. Ауызша сөйлеу түрі болған соң, әдеби тілде, оның норма-заңдылықтарын мүмкіндігінше сақтап жеткізуі қажет. Әсіресе, орфоэпиялық норма, оны құрайтын заңдылықтарды меңгеру, тыңдарман дұрыс түсініп қана қоймай, әсерлі қабылдауы үшін дауыс, интонация, екпінді дұрыс қою, кідіріс жасау, дауыстың сазы, қарқыны, сарыны, биіктігі тәрізді сапалық ерекшеліктерін жетік игеру маңызды болып есептеледі. Осы талаптар тұрғысынан кездесетін кемшін тұстар, жайттар баршылық (техникалық құралдар жеткізілмеуде, юристік заңды білетін адамдар, қазақ тіліндегі көрімдерді көріңіздер) т. б. Сондай-ақ публицистикалық стильдің ауызша түріне бұрыннан қалыптасқан шешендік сөз жатқызылады. «Шешендік сөз (ораторство) – Ежелгі Грекия мен Рим заманынан бері қарай көптеген халықтардың мәдени-рухани өміріндегі өнердің бір түрі. Шешендік өнер мен шешендік сөз өзара тығыз байланысты болғанымен, екеуі екі басқа түсінік атаулары: шешендік өнер актінің, яғни іс-әрекеттің атауы, ол әлеуметтік қызмет атқарады. Шешендік өнер (риторика) — өзінің нысанасы, теориясы, категориялары, тарихы бар жеке сала болады. Ал шешендік сөз - шешендік өнер иелерінің шаршы топ алдында сөйлейтін сөзі. Бірақ көпшілік алдында айтылатын сөздің бәрі шешендік емес. Шешендік сөз мынадай талаптарға жауап беру керек:

1) белгілі бір әлеуметтік мәні бар тақырыпты қозғайтын және шаршы топ алдында айтылатын сөз болуы керек;

2) әңгіме өзегінің дәлелі (аргументі) болуы тиіс, соның арқасында тыңдаушыларға бір нәрсені әуелі түсіндіріп, содан соң ойлантып, ақырында бір харекетке ұмтылдыруды көздеуі қажет;

3) тыңдаушыларға жақсы әсер етіп, сүйсіндіретін эстетикалық қасиеті болуы тиіс.

Қазіргі шешендік сөздердің түрлері былайша ажыратылады:

1) әлеуметтік-саяси тақырыптағы шешендік сөздер – митинг, конференция, съезд, сессиялардағы сөздер, баяндамалар, хабарламалар, радио-теледидардан берілетін саяси, әлеуметтік шолулар т.б.;

2) академиялық шешендік – жоғары оқу орындарындағы дәрістер, ғылыми баяндама, хабарлама т.б.;

3) сот ісіндегі шешендікке прокурордың айыптау сөзі, адвокат-қорғаушының сөзі, айыпкердің сөзі;

4) әлеуметтік тұрмыстағы шешендік;

5) діни қызметте қолданылатын шешендік (құран оқу, қазақша иман сөздері). Барлығына қойылатын басты талап – оның көркем, әсерлі болуы...» (Р. Сыздық) [9, б. 36].

Біз сонымен қатар мектеп оқулықтарына оқушылардың функционалды стильдерді ажырату үшін берілетін тапсырмалардың берілу мәнін де ғылыми зерттеуімізді жүргізу барысында тереңірек түсіндік. Яғни, оқушы публицистикалық стильдерді басқа әдеби тілдік стильдерден ажырата білу арқылы жоғарыда айтқанымыздай тек қисынды ойлау мен риторикалық қасиеттерге ие болып қана қоймай, олар ақ пен қараны, дұрыс пен бұрысты ажыратуды үйренеді, яғни тұлғалық қасиеттерін жетілдіреді. Ал бұл біздің екінші тарауымызда сөз етілетін әдістемемізбен тікелей байланысты.

Сонымен бірге публицистикалық стиль – саясат пен идеологияның құралы ретінде қызмет етеді, әртүрлі саяси ақпараттар ағыны мен жаңалықтарды дер кезінде жеткізіп, оған баға беріп, бұқараға ықпал ету тәрізді маңызды міндеттер атқарады. Қоғамдық мәні бар мәселеге көпшілік назарын аударту мақсатында ой мен сезімге қатар әсер етерліктей экспрессивті-эмоционалды мәндегі тіл бірліктері жиі қолданылады. Мұндай ерекшелікті төмендегі үзінділерден аңғаруға болады: «Абайы жоқ, Жамбылы жоқ, Мұхтары жоқ ел шын бақытсыз болар еді. Не деген әділетсіздік: тұлпарды тұсап қояды да, «ал, шап!» дейді. Депутаттар қазақшаға жүйрік дейді, қазақшаға күйбіктейді. Мемлекет басшыларынан бастап, жергілікті әкімтайға дейін қазақша сөйлемесе, бұл тілде ресми құжаттар жүргізілмесе – оның несі мемлекеттік тіл?!» («Егемен Қазақстан»)[12]. Адамзат баласының жан дүниесін тебіренерлік өткір мәселелердің көтеріліп отырғандығы анық байқалады. Ол мәселе – бүгінгі ана тіліміздің тағдыры. Депутаттар қазақшаға жүйрік дейді, қазақшаға күйбіктейді деген сөйлемдегі қарама-қарсы мағынадағы екі баяндауыш (жүйрік дейді, күйбіктейді) арқылы автор мемлекет органдарындағы азаматтардың сол мемлекеттік заңға бағынбай отырғандығын, заң тізгінінде отырып-ақ, оны мойындамайтынын ащы мысқылдайды, адам мінезіндегі қарама-қайшылықты антонимдік сөздермен орынды көрсетеді. Оқырман көңіліне жылы сезім ұялататын жағымды мәндегі эмоционалды сөздер де, риторикалы сұраулы сөйлемдер де публицистикалық стиль үлгілерінде жиі жұмсалады: Өз халқын әлемге танытатын, ұлттық өнер иелері аз ба бізде? Сонау Әміре салған жол жалғасып барады. Танылған тарлан шеберлердің аттарын қайталамай-ақ, соңғы кезде суырылып шығып, басқа дүниеге белгілі болған бірегей дарындарымыз баршылық (К.Смайлов).

Публицистикалық стильдегі туындыларда автордың (публицистің) басты нысанасы – идеялық көзқарасы мен саяси, адамгершілік бағытының айқындығын таныту, әлеуметтік жүгі бар мәселені көтеруге және оны шешуге ат салысуға қатынасын көрсету. Газеттен алынған төмендегі тағы бір үзіндіге назар аударалық: Қазақстан жеріне қашаннан да көз алартушылар

аз емес еді ғой. Қазақтың дүркін-дүркін қырылып, өспей қалғанының бір қырсығы – осыншама жерге өзгелердің өзеурей қарағандығынан емес пе еді?! ( Ш.Мұртаза).

Бұл үзіндіде экспрессивті, бағалауыштық сөздер арқылы автордың қоғамдық-саяси жағдайға қатысы, оған баға беруі, өзіндік көзқарасының әлеуметтік сипаты анық көрінеді. Автордың «көз аларту» деп отырғаны жай көз аларту ғана емес, өзгеге үстемдік жасап, қоқан-лоққы көрсету деген сөздің «сыпайы» қолданысы болса, «қырылып, өспей қалу» – шындықты жалпылай жеткізіп тұрған тура мағыналы сөз. Ал «өзеурей қарау» – суық қолын салғысы келіп, қомағайлана, құныға қарау деген мағынада қолданылған деп түсінуге болады.

Публицистикалық стильдің басты ерекшелігі: ол ұлттық әдеби тілдің жетілуіне, сөздік қазынасының толығыуына зор ықпал етеді, сол арқылы әдеби тілдің лексикалық-грамматикалық жүйесіндегі даму сипатын, жаңа бірліктердің нормалану үдерісін көрсете алады.

Публицистикалық стильдің қысқаша талдау үлгісі: 1.Қарым-қатынас аясы (қолданылатын орны): газетте, саяси-қоғамдық журналдарда (жазбаша түрі), ал жиналыстар мен митингілерде, радио-теледидар хабарларында (ауызша түрі).

2. Қарым-қатынас мақсаты: заттар мен құбылыстардың мәнін ашу, оған көпшіліктің назарын аудару; жұртшылықты белгілі іске жұмылдыру, белгілі бір мақсатқа үндеу, иландыру; сондай-ақ белгілі бір құбылысқа оң не теріс баға беріп, қоғамдық пікір туғызу.

3.Стильдік сипаты: сөз үндеу, жұршылықты иландыру, үгіттік-насихаттық мәнінде жұмсалады. Сөз ой мен сезімге қатар әсер етерліктей болып келеді.

4.Тілдік ерекшеліктері:

а) лексика-фразеологиялық: зат пен құбылысқа оқырман назарын аудару үшін экспрессивті-эмоционалды реңктегі сөздер және бағалауыш лексика (XXI ғасыр көшбасшысы, ұлтжандылық, жарыс жүлдегері, еңбек майданы, ерлік мектебі, бәсекеге қабілетті, жасампаз ел, тұлға, перзент, сыбайлас жемқорлық, ұрпақтар сабақтастығы, егемендік, Тәуелсіздік, бостандық т.б);

– жалпы саяси лексика, халықаралық терминдер, күрделі тіркестер (егемендік, өркениет, бағдарлама, демеуші, халықаралық олимпиада, ұлттық театр, қаржы дағдарысы, Ата заң, тәуелсіздік туы, саяси тұрақтылық, теңге бағамы, ақылы оқу, қолжетімді баспана, т.б);

–тұрақты сөз тіркестері, мақал-мәтелдер, афоризмдер мен перифразалар: Жауапкершілігі ұлан-асыр істе заңғар шыңнан көріну – баршамызға парыз. Алдыңғы кезекте саналы болашаққа ұмтылу керек. «Жалғыз ағаш орман болмайтындай» алған білімің де өз басыңнан артылмаса несі пайда? Үш бәйтерек. Сәкен, Бейімбет, Ілияс! Үшеуінің де жөргегі – ұланғайыр бір даланың топырағы. Үшеуінің туысы қандай бір болса, тұрысы қандай әр бөлек... (Газеттен)

ә) морфологиялық: көптік тұлғалы зат есімдер, күрделі, қысқарған, жалқы, деректі, дерексіз зат атаулары, сан есім, сын есім, етістік тұлғалары, үстеулер (оқиғаның, т.б. қайда, қашан өткені жайлы...) шетелдік жұлдыздар, ең басты бәсекелестер, жиырма бірінші ғасыр, жоғары палата – сенат, т.б.

б) синтаксистік: бұйрықты, лепті, риторикалық сұраулы сөйлемдер, сөз қайталаулар (Мен – тәуелсіз елдің ұрпағы! Бізге қандай қаламгер қажет? т.б.)

Публицистикалық стильдің жанрлық дифференциациясы. Жанрлар тобы. Публицистикалық стиль көптеген жанрда қолданылатынын жоғарыда көрсеттік. Сол жанрларды үш негізгі топқа бөлінеді:

- ақпараттық (сұхбат, репортаж, жазба, хроника);
- аналитикалық (мақала, хат-хабар);
- көркем-публицистикалық (очерк, фельетон, памфлет, эссе).

Қазіргі газет және журнал сөйлеуі үшін жалпы алғанда ашық шақыру, ұраншылдық, риторикалық, ескертілмеген директивтілік тән емес. Ол үшін талдаушылық, баяндаудың дәлелдемесі неғұрлым тән. Өйткені, ұстамды, байсалды дәлелдердің нысаны мәнерлі, яғни экспрессивті болуға және публицистикалық стильдің әсер ететін функциясын іске асыруға қабілетті.

Қазіргі газеттер мен журналдарда мазмұндаудың диалогтық формалары (сұхбат, әңгіме, екі көзқарасқа қарсы қою және т.б.), сондай-ақ ақпараттық-аналитикалық (мақала, пікір және т. б.) маңызды орын алады, мысалы, очерктер мен репортаждар сирек құбылыс болып табылады. Жаңа жанрлар пайда болады: «тікелей желі», «дөңгелек үстел». Біз бұл жанрларды оқыту барысында да қолданып келеміз. Бұл әсіресе, ұжымдық, топтық ойындарда оқушылардың өз ойын айтатын негізгі тәсілдердің біріне де айналып үлгерді.

Қарапайым сұхбаттар, ақпараттық жазбалар (мысалы, ағымдағы аптадағы мәдени шаралар туралы), сауалнамалар, статистика бар. Көркем-публицистикалық топтан очерктер мен эссе бар. Бірақ ең бастысы, әрине, мақалалар журналдарында. Жоғары сынып оқушыларының публицистикалық мақала жазуының да өзіндік мәні бар. Белгілі бір мерекелік іс-шаралар барысында немесе айтулы тарихи оқиғаларға қатысты оқушылар өз ойын ортаға салып, мақала жазады. Оларды қалалық, аудандық газет-журналдарға жариялау арқылы өздеріне үлкен мотивация алады. Мұны кез келген мұғалім ескеруі, осыған орай нақты қадам жасап, түрлі әдіс-тәсілдер арқылы баланың ойының ұшқыр болып жетілуі үшін барын салуы керек. Бұл нағыз замануи мұғалімнің келбетін көрсетеді.

Публицистикалық мақала дегеніміз не? Публицистикалық мақала - бұл аналитикалық жанр, онда әлеуметтік шындық мәселелері терең және жан-жақты қарастырылады. Мақаланың басты стилистикалық белгісі: проблеманы тұжырымдау, оны бағалау – проблеманы талдау, оның пайда болу себептері – осы проблеманы шешу жөніндегі іс-қимыл бағдарламасы болып саналады. Мысалы, «Болашақ жастардың қолында» атты 9-сынып оқушысының мақаласында проблема айтылады, ол талқыланады, яғни ішкі талқы, сосын оның шешу жолдарын өзінше ұсынып көрсетеді. Оқушының сыныптастарына ортақ тақырып беріп, мақала жазуды ұсынсаңыз, әрбір оқушыдан тың идеялар

мен өзіндік пікірлерді таба аласыз. Демек, бұл жоғарыда айтқан гипотезаларымызға аксиома бола алады.

Публицистикалық мақала пікірлерді жандандыруға арналған әр түрлі қоспаларды (эпизодтардың жарқын сипаттамасы, шағын сұхбат, иллюстрациялар) қосуды да көздейді. Мысалы, Ы. Алтынсариннің айтуынша, «Біздер оқысақ, шамнан шырақ жағылады» және «инемен құдық қазғандай» боламыз. М. Жұмабаев ««Мен жастарға сенемін» деп жырлауында қандай мін бар? Әрине, болашақ ұрпаққа деген үлкен сенім бар. Ал ол сенім бүгін ақталып жатыр ма?» Міне, осындай проблематикалық сұрақтарға жауа бере отырып, оқушы көңіл көкжиегін кеңейтіп, білімін молайтады.

Публицистикалық жанрларға тән белгілерді қарастырайық.

Нота – ақпараттық сипаттағы өте кең таралған жанр. Жазбалар газет-журналдарда өз орнын табады. Жазбаның мақсаты - кез келген фактіні, оқиғаны хабарлау. Нотаға тән белгілер – дәлдік, қысқалық. Жазба оқырмандарға не болғаны туралы айтып береді, оларда оқиға туралы тұрақты түсінік қалыптастырады. Жазбада жаңалықтар, фактілер бар. Және бұл жай ғана «қарапайым» факті емес, әлеуметтік мәні бар факт. Жазбалар бейбіт және соғыс уақытындағы оқиғалар, ғылым, мәдениет өміріндегі оқиғалар туралы болуы мүмкін. Жазба журналистің өткенде болған оқиғаның мәнін қысқаша және түсінікті түрде түсіндіре білу қабілетін көрсетеді.

Баяндама – кеңейтілген ақпараттық хабарлама, оқиға туралы әңгіме (мысалы, конференция, симпозиум, жиналыс).

Жазбамен салыстырылған есеп оқиғаның толық шолуы болып табылады.

Баяндамада адамдардың жеке ескертулері, олардың ұстанымдары, автордың сыни пікірлері, т.б.

Баяндама шынайылығымен, құжаттамасымен, қысқалығымен және біршама қатаңдығымен ерекшеленеді. Ол шығармашылық шегіністерге шыдамайды. Баяндамаға қойылатын ең маңызды талап – хабардың нақтылығымен шынайылығы [13, б. 56].

Көркем әдебиетке жол берілмейді. Автор тура сөйлеуді де, дәйексөзді де, жанама сөйлеуді де қолдана алады, қолда бар деректерге сүйене отырып мәтін жаза алады.

Есеп тікелей ақпараттық және аналитикалық болуы мүмкін. Аналитикалық есепте автордың пікірлері мен дәлелдемелері болуы мүмкін. Үшінші түрі – тақырыптық есеп беру. Тақырыптық есеп – тақырып бойынша әртүрлі материалдарды талдау.

Сұхбат – журналист пен бір немесе бірнеше адам арасындағы әңгіме. Сұхбаттың өзінің нақты тақырыбы болуы мүмкін немесе ол әртүрлі «дерексіз» тақырыптарда болуы мүмкін. Сұхбаттасушы сұрақтарға жауап береді, әңгімелейді, алған әсерлерімен бөліседі. Басқа ақпараттық жанрлар сияқты сұхбат дәл, мазмұнды және оқырмандарды қызықтыратын болуы керек.

Репортаж – автордың «Мені» арқылы өткен оқиғалардың шежіресі. Баяндаманың өзегінде әрқашан оқырманның көз алдында өрбіп жатқан әлеуметтік маңызы бар оқиға жатыр. Баяндама сенімді болуы керек, фактілер

бұрмаланбауы керек, бірақ сонымен бірге автордың позициясы да қызықтырады.

Репортаж өзінің шапшандығымен, серпінділігімен, көрнекілігімен, қатысу әсерін жаңғыртатын авторлық «меннің» айқын позициясымен ерекшеленеді [13, б. 68].

Мақала, шолу, түсініктеме – танымал аналитикалық жанрлар. Соңғы уақытқа дейін баяндама икемді нысаны бар мақала нысандарының бірі болып саналды. Баяндама оқиғаға жауап ретінде, саяси баяндама т.б. Бірақ баяндама мақаладан ерекшеленеді және оқиғалардың хроникасын сипаттауға көбірек бағытталған. Түсініктеме қоғамдық өмірдегі маңызды оқиғаларды жедел түсіндіру үшін қажет. Түсініктеменің көлемі шағын, автордың назары кез келген бір фактіге немесе фактілер тобына аударылады. Түсініктеме қоғам өмірінде болып жатқан оқиғаларды нақтылау, фактілер мен мәліметтерді нақтылау үшін қажет.

Тәжірибе көрсеткендей, әртүрлі тақырыптар бойынша пікірлер өте өзекті. Түсініктемелер әсіресе халықаралық басылымдарда табысты.

Түсініктеме – публицистикалық нақтылау, оның аясында автордың саяси ұстанымдарынан фактілер мен құбылыстарды талдау.

Түсініктеме қысқа және нақты болуы керек. Ол ирониялық, сыни болуы мүмкін, ғылыми стиль элементтерін қамтиды және т.б. Газет тәжірибесі бір-біріне жақын бір немесе бірнеше фактілерге, қысқаша пікірлерге негізделген көлемі жағынан қарапайым мысалдардың көп санын береді. Сонымен қатар, автор әртүрлі дереккөздерден алынған фактілерге сүйеніп, белгілі бір құбылыстың тарихын ақтарып, оқырмандарға оның шынайы мәнін ашатын егжей-тегжейлі пікірлердің болуын жоққа шығаруға болмайды.

Мақала газеттер мен журналдардың жетекші жанры болып табылады, мақалалар қазіргі уақытта интернеттегі сайттарда жиі қолданылады. Мақалалар саяси тақырыптан бастап күнделікті тақырыптарға дейін жазылады.

Мақала өте күрделі, бірақ өте қызықты жанр. Ол теориялық және практикалық жалпылаудың ең кеңдігімен, әртүрлі фактілерді талдаумен және басқа жанрлармен салыстырғанда авторлық ұстаныммен сипатталады. Мақала жанры мерзімді басылымдардың көпшілігінде бар, олардың деңгейі мен бағытын көбіне өзі анықтайды [13, б. 74].

Шолу ғылыми, әдеби және өнер туындыларын бағалауға мүмкіндік береді. Рецензияның басқа жанрлардан басты айырмашылығы оның объектісі шындықтың тікелей фактілері емес, бұрын зерттелген, түсінілген және кітаптарда, спектакльдерде, фильмдерде және т.б. көрініс тапқан фактілер мен құбылыстар болып табылады. Шолуда артықшылықтар мен кемшіліктер бағаланады ғалымның немесе суретшінің еңбегін, зерттеу нәтижелерін өмірмен салыстыру, тиісті қорытынды жасау.

Рецензия, әдетте, бір немесе екі жұмысты қарастырады, оларға басқа міндеттер қоймай, оларға баға береді. Шолу мүмкіндік береді. Шолудың негізгі мақсаты – оқырманға талданған шығарманы түсінуге, оның күшті және әлсіз жақтарын анықтауға көмектесу. Шолу әрқашан мақсатты, белгілі бір аудиторияға, оқырмандар тобына арналған. Онда қарастырылып отырған

шығарма туралы, оның авторының ниеті туралы деректер келтіріліп, талдау жасалып, шығарманың әлеуметтік мәні көрсетіледі.

Шолу белгілі бір уақыт пен географиялық шекарамен шектелген оқиғалар мен фактілер жүйесін түсінуге негізделген ең танымал жанрлардың бірі. Шолу оқырманға айналадағы шындықтың бай, жан-жақты бейнесін береді, қоғамдық өмір құбылыстарының арасындағы байланыстарды ашады, олардың даму тенденциясын көрсетеді.

Рецензия жанр ретінде мынадай ерекшеліктерге ие: автор бір фактімен, бір оқиғамен емес, азды-көпті кең ауқымды фактілер, оқиғалар, жағдайлар, құбылыстар, процестер, қоғамдық өмірдің аспектілерімен әрекет етеді. Бұл кездейсоқ емес, мұқият тандалған фактілердің жиынтығы, олар суреттелетін шындықтың шынайы бейнесін құрайды, ол мәдениет, әдебиет, экономика және т.б. Шолу жалпы әлеуметтік өмірдің элементтерін сипаттайды.

Памфлет – көркем публицистиканың кең тараған жанры. Памфлеттің ерекшелігі - жағымды кейіпкердің жоқтығы. Оның рөлін оқиғаларға, фактілерге, актерлерге өз көзқарасын білдіре отырып, автордың өзі алады. Бейнелерді памфлетерлер полемикалық мақсатта пайдаланады, сондықтан прототиптермен байланысы ашық, бейненің мәні оның саяси бағасында. Әрекет тез дамиды брошюраларда суреттеу (интерьер, пейзаж) азырақ кездеседі, баяндауда эпизодтар қысқартылған, кейіпкерлердің портреттері жоқ.

Памфлет мәтінінде автордың болуы әрқашан тұспалданады, бірақ ол анық айтылмауы мүмкін. Памфлет мәтінінде автордың қатысуын білдіру әдістері өте алуан түрлі. Памфлет түсініктеме, шолу, шолу құрылымына еніп кете алады. Памфлеттер зиянды ирониямен, өткір сатиралық бағытпен, бар әдет-ғұрыптар мен бұйрықтарды жоққа шығарумен сипатталады.

Фельетон да көркем публицистиканың өте танымал жанры. Фельетон сөзі Францияда 18 ғасырдың аяғында дүниеге келген, аудармада парақ дегенді білдіреді. 1800 жылдан бастап фельетон газеттің қосымшасына айналды. Газетті қосымшасы бар немесе қосымшасыз (фельетонсыз) сатып алуға болатын.

Фельетон алуан түрлі және түрлі-түсті қоспаны шығарды: театрлардың репертуары, ақылы жарнамалардың барлық түрлері, сән жарнамалары, поэтикалық харадтар, жұмбақтар және т.б. Кейінірек театрландырылған шолулар, көрмелер туралы баяндамалар, ғылыми кездесулер, көпшілікке арналған лекциялар, өлеңдер, үлкен өлеңдерден үзінділер басымдыққа ие болады. Оқырман хаттары да басылды.

Фельетондар 19 ғасырдың аяғында ерекше танымалдыққа ие болды. Ресейде фельетондардың атақты авторы А.П. Чехов. Фельетон өте танымал жанр болды, оны тек астаналық басылымдарда ғана емес, барлық губерниялық газеттерде кездестіруге болады. Жаңа дәуірдің тұсауы қоғамдық-саяси өмірдің қарқынын жеделдетуге әкеледі. Баспасөз бүгінгі тақырыпқа тезірек жауап береді. Саясат, өнер, әдебиет, экономика, ғылым, күнделікті өмір салаларындағы сан алуан құбылыстар фельетоншылардың көзқарасына түседі [13, б. 85].

1917 жылдан кейін Кеңестік Ресейде фельетон жанрына ерекше көзқарас қалыптасты. Фельетон филистер мен буржуазияның өмірін келемеждеді, жаңа пролетарлық мәдениеттің құндылықтарын дәріптеді. Социализм дәуіріндегі фельетон бұрынғыдай көңілді, жеңіл болған жоқ. Журналистиканың пафосы әмбебап кеңдікке ие болды. Фактография мен деректі фактілерге қызығу сәнге айналды.

Фельетон ойын-сауық функцияларын жоғалта бастайды. Ол қатал сыншыл мінезге ие бола бастады, таптық мүдделерді қорғай бастады, оқырманды большевиктік құндылықтар мен мұраттарға баулу, жаңа мәдениетті тәрбиелеу. Сөйтіп, таза ойын-сауық жанрынан фельетон қатал және қатал сатира жанрына ауысады.

Әдебиет пен публицистика теориясында ұзақ уақыт фельетон табиғаты туралы талас-тартыстар болды. Дегенмен, зерттеушілер фельетон – жанр – көркемдік, публицистикалық деген пікірде. Қоғамдық жүйенің өзгеруіне байланысты фельетонға, оның мазмұнына деген көзқарас өзгерді, бірақ оның мәні сол күйінде қалды.

Фельетондағы сатира ақпаратты тікелей және жасырын беру ерекшеліктеріне қызмет етеді. Ақпаратты берудің тікелей нысаны оқиғалардың барысын көрсетеді. Ақпаратты берудің жасырын формасының өзіндік астарлы мәтіні бар, онда автор меңзейді, оқырманға өз ойының барысын түсінуге мүмкіндік береді.

Фельетон мұқият ойластырылған болуы керек. Кейбір авторлар пропорция сезімін ұмытады. Бірақ бұған жол беруге болмайды. Е.Полянскийдің айтуынша, «фельетон электр тогы сияқты». Оны ұтымды, сауатты пайдалана білу маңызды.

Фельетонның көркемдік құрылымында оқиғаның бастау нүктесі болып табылатын факт, тақырып бар. Фельетонның өз қаһармандары бар, оның ішінде аты-жөні, деректері бар, бірақ бұл мәліметтердің бәрі ойдан шығарылған, яғни болмысы шынайы өмірден көшірілген, бірақ кейіпкерлердің аты-жөні ауыстырылған. Автор ойдан шығарылған фактілерді қоса алады, бірақ олар оқиғалардың бүкіл бейнесін өзгертпеуі керек және жағдай өте болжамды болуы керек.

Фельетонның белгілі бір композициялық ерекшеліктері бар. Ол бүкіл шығарманы жазуға себеп болған нақты фактіні айтудан басталады. Фельетон жазғанда ассоциативтілік қолданылады. Оқырмандарға жақсы таныс, фельетон тақырыбымен әйтеуір астасып жатқан образдар мен ұғымдарды пайдалану – аудиторияға әсер етудің тиімді әдістерінің бірі.

Психологтар түсінікті салыстыру оқырмандарға кез келген дерлік оқиғалар мен мәселелер туралы автордың пайымдаулары мен ойларын оңай түсінуге және қабылдауға көмектеседі деп санайды. Көрнекі иллюстрация, мысалы, мәтіндегі белгілі сюжеттер, кейіпкерлер, бейнелерді пайдалану болуы мүмкін. Көптеген оқырмандар үшін бұл бала кезінен таныс идеяларды еске түсіреді, олардың көмегімен түсінуге және, ең бастысы, сипатталған оқиғаларды, фактілерді, жағдайды және т.б.

Бәлкім, журналистер көбіне әдеби шығармалардан алынған және өте танымал метафораларды, аллегорияларды, аллегорияларды, гипербодаларды, әртүрлі «қатты сөздерді» пайдаланады. Бұл тізімге күлкілі әсер тудыратын штамптарды қосуға болады. Әдеби шығармалардың, спектакльдердің, фильмдердің, жарнамалардың белгілі сюжеттерімен және кейіпкерлерімен байланысты бірлестіктерде мүмкіндіктер кем емес. Көбінесе фельетонда астарлы сөздер мен тәмсілдерден, мақал-мәтелдерден, сондай-ақ классикалық ариялардың сөздерінен немесе әйгілі болған халық әндерінен қосындылар кездеседі.

Қауымдастықтардың арсеналы шексіз әртүрлі. Дегенмен, жағымсыз ұқсастықтарды, екіұштылықты, жалаңдықты немесе дәрекілікке жол бермеу үшін белгілі бір құралдардың орындылығын ескеру маңызды. Ассоциациялардың басты мақсаты – фельетоншыны «қызыл сөзбен» жаркылдау емес, олардың оқырманға қандай да бір құбылыстың немесе оқиғаның мәнін көзбен жеткізу.

Кез келген фельетонның қажетті элементі – автордың бетпердесі. Ол кеңестік фельетонда негізгі жанрлық, типологиялық белгі болған субтекст жасау үшін қажет. Ішкі мәтін жанрдың әртүрлі әлеуметтік жағдайларға бейімделе отырып (формасын өзгерту арқылы) тарихи анықталған дамуын көрсетеді.

Ішкі мәтінді құрудың негізгі әдісі - олардың көп өлшемділігіне негізделген фактілермен ойнау.

Автор мен оқырман фактілерді талдай отырып, бірге жүреді. Кейде автор айтушының өзіндік бетпердесін киеді. «Кейде автор мен баяндауыш ұстанымдары арасындағы ұқсастық айтарлықтай үлкен, бірақ ешқашан абсолютті емес. Баяндауыштың бетперделері сатирикке не келеке, не байсалды, не қарапайым, не моральзатор болуға мүмкіндік береді. Бұл ретте автор баяндауышты кейіпкерлер санына енгізе алады немесе оқиғалардың дәстүрлі тіркеушісін қалдыра алады.

Эссе – бұқаралық ақпарат құралдарының барлық қызметтерін қамтитын, тәрбиелік функцияларды жүзеге асыратын танымал публицистикалық жанр. Эссе – журналистика мен көркем әдебиеттің бір түрі. Эссе журналистер арасында да, жазушылар арасында да кең тараған, оларды іс жүзінде жиі пайдаланады.

Эссе мәтініндегі көркем баяндаудан айырмашылығы, автор кейіпкер туралы әңгімені үзіп, оқырманға тікелей сөйлей алады, бейнеленгенге өз көзқарасын білдіре алады, бұл оған түсінуге, сан алуан фактілерді біріктіруге шексіз мүмкіндіктер береді. кеңістік пен уақыт бойынша бір-бірінен алшақ жатқан құбылыстар.

Сонымен, жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, публицистика жанрлары мазмұны жағынан алуан түрлі, бұл журналистердің қоғамдық, саяси, мәдени өмірдің белгілі бір қырларын аша отырып, дарындылығын танытуға мүмкіндік береді деген қорытындыға келуге болады.

Публицистикалық стильдің тілдік құралдары. Публицистикалық стиль функциялары. Публицистикалық стильдің қарапайым түрі — монолог.

Публицистикалық сөйлеудің басты қағидаты, оның ұйымдастырылуының негізі мен ерекшелігі оның «ашықтығы», тікелей, авторлық «мен»нің сөйлеуі, себебі публицистикалық мәтіннің авторы оқырманға өзінің ой-пікірлерімен, сезімдерімен, бағаларымен жүгінеді. Публицистикада барлық бағалар авторға тиесілі және ол белгілі бір қоғамдық топтың, одақтың, партияның, сыныптың атынан немесе өз атынан сөйлей ме, жоқ па, маңызды емес. Сондықтан публицистиканың сөйлеу құрылымы әрдайым эмоциялық-жеке сипатқа ие. Публицистикалық стильге көптеген функциялар тән. Екі негізгі: ақпараттық (хабарлама, жаңа ақпарат беру) және әсер ететін (оқырманның ақыл-ойы мен сезіміне әсер ету). Журналдарда бірнеше функциялар бар: ақпараттық, ағартушылық, тәрбиелік, ұйымдастырушылық, аналитикалық-сыни, ойын-сауық. Алайда, жоғарыда көрсетілген және сөйлеу стилистикасын тікелей көрсететін негізгі функция әсер ету аспектісіне назар аудара отырып, әсер етуші-ақпараттық мақалалар болады. Бұл екі функция публицистикалық стильдің тілдік құралдарының құрамын және ұйымдастырылуын анықтайды. Стильдің ақпараттық функциясы жалпы қолданылатын лексиканы, стандарттарды, авторлық тілдік бірліктерді пайдалануды талап етеді, себебі бейтарап лексика жаңа ақпаратты қабылдауды жеңілдетеді, коммуникация процесін жеңілдетеді. Мақаладағы ойдың сөзге айналу стереотиптерінің басым көпшілігі оң немесе теріс сипатқа ие. Стильдің әсер ететін функциясы бағалау лексикасын қалыптастыруға ықпал етеді, өйткені публицистің міндеті оқиғалар, құбылыстар, фактілер туралы хабарлау ғана емес, сонымен қатар оларды түсіндіру, оларға әлеуметтік баға беру, оқырманды «қажетті» тұжырымдарға жеткізу. Автор не туралы айтса да, құрылымда оның «дауысы», эмоцияны бағалау, ойдың барысы, әуестенушілік, тақырыпқа толқушылық тікелей көрінеді [14, б. 67]. Авторлық ұстанымның белсенділігі публицистикаға әсер етеді. Тілдік құралдарды пайдалану көпшілік аудиторияға тиімді және мақсатты әсер ету тұрғысынан олардың әлеуметтік-бағалау қасиеттері мен мүмкіндіктерімен айқындалады.

Публицистикалық мақала жазғызу арқылы бала бойында адами құндылықтарды оятумен қатар білім-білікті арттыруға ықпал етеді. Бір қызығы мақаланы жазу барысында оқушы тек өзінің ішкі бағалауын ғана емес, жалпылама ақпараттар жинаумен де айналысады. Бұл арқылы ақпараттық қоғамның ең негізгі қағидасы – ақпаратқа иеленуші бола алады. Ал жас өркеннің ақпараттық сауаттылығы бүгінгі таңда аса маңызды екені түсінікті жәйт.

## **1.2 Публицистикалық стильдегі сөз жанрларының прагматикалық аспектісі**

Публицистикалық стильдің прагматикалық аспектісі жүйелі түрде жан-жақты қарастырылып келеді. Заманауи сөз жаңа формат пен мәселенің әр қиырын, түрлі бағытын қамтиды. Сөз жанрларының көркемдік күші – адам жанының тереңіне еніп, қоғамдық мәселелерді қозғап, қоғамға ой салып үндейді. Публицистикалық стильдің ауызша түрі бүгінгі мәдени

коммуникацияның жоғары формасын құрайды. Біз түрлі газет-журналдардан оқушылар жазған мақалаларды оқу барысында аңғарғанымыз, оқушылардың тілдік қолданыстары мүлде айрықша, үш тілді саясаттың да әсері, әрі жаһандандудың да салдары болар, оқушылар әдеби тіл нормаларына толықтай бағынбайды. Олар заманауи әндердің сөздерінен, түрлі жаңалықтар мен фильмдерден естіп, білген тілдік бірліктерін мақалаларда қолданады.

Әдеби тіл – қоғам өмірінің сан-саласын қамтитын, қоғам мен әлеуметтің қажеттерін өтейтін қатынас құралы. Сала-сала бойынша қызметінің түрлері көбейген сайын әдеби тілдің функционалдық стильдің тармақтары қалыптасып, бір-бірінен ара-жіктері ашылып, дамиды. Осы даму барысында функционалды стильдердің сөз жанрлары көбейеді, сөз байлығының қатары түзіледі, жиі қолданылатын сөздер тобы анықталады. Демек, оқушылардың бүгінгі сөздік қорытындағы «паразиттер» ертең әдеби тілге түрлі өзгеріске түсіп, енуі де ғажап емес. Бұл адаммен қатар оның тілі де дамып отыратынының айғағы. Ізденіс барысында қарастырылған мәселелердің шешімін іздеуде белгілі публицистердің теориялық-танымдық еңбектері басшылыққа алынды. Себебі, нақты бекітілген қағидаларсыз, оқушыларға ақпарат беруге болмайды.

Қазіргі таңда ғалымдардың «сөз жанрларына» анықтама беріп, зерттеп-зерделеуінің мәні – ең алдымен бұл тілдік заңдылық жаңа антрополингвистика бағытының құрылымдық элементі тұрғысынан мәдени және тілдік құндылықтарды сақтаудың негізгі кілті болып табылады.

Сөз жанрлары мәселесіне қатысты ең алғаш ғылыми тұжырымдамаларды ғұлама ғалым, фиолософ М.М. Бахтин еңбектерінен кездестіруге болады. Бұл тілдік құбылысты ол әлеуметтік нақтылықты тілдік ақиқатпен байланыстыратын, қоғам тарихынан тіл тарихына итермелейтін қозғаушы категория деп есептейді.

Жанр ұғымы кейбір ғылыми еңбектерде мәтін типі деген терминдік атаумен айтылып келеді. Егер мәтіннің типтеріне, яғни, түрлерге ажырауының басты себептерін қарастыратын болсақ, онда оның тілдік бірліктері іріктеліп, сұрыпталып, топтасып қолдану ұстанымына байланысты екені бірден айқын байқалады. Мәтіннің типтерге, түрлерге бөлінуі сөздің жанрларға жіктелетіндігін толық көрсетеді. Қазақ тіл ғылымында жанр туралы зерттеулер өткен ғасырдың сексенінші, тоқсаныншы жылдарында басталғанын жоғарыда еңбектерден мысалдар келтіріп айтып өттік. Жанр туралы ғылыми жүйеленген анықтама, ережелер әлі толық тұрақталған жоқ. Әдебиеттану тұрғысынан алып қарағанда «жанр – міндетті» түрлер ретінде қарастырылды, ал қазақ тіл ғылымында сөзтану ғылымы зерттелінбегендіктен, жанр мәселесі тіпті айтыла қойған жоқ [13, б. 42].

Публицистика жанрларының туып, дамуы тілдік стильдердің тармақтарын қалыптастыруда үлкен рөл атқарады. Яғни, тілдік стильдердің пайда болып, жеке өріс алуы тілдегі белгілі жанрлардың дамуымен, өзіндік өріс алуымен тығыз байланысты. Мысалы, ХХ ғасырдың бас кезінде публицистика жанрының өркендеуі газет-журналдардың көптеп шығарылып, олардың өзіндік тіл ерекшеліктері қалыптасуымен тығыз байланысты болды.

Жанр дегеніміз – белгілі бір газет, журнал материалдарының, радио, теледидар хабарының көріну, өмір сүру формасы. Нақтылап айтсақ, болмыс-құбылысты жазып суреттеп айтып берудің, оқиға, фактілерді көрсетудің ғылыми белгілеген, жұрт таныған кескін пішіні болады, ол «жанр» деп аталады [13, б. 24].

Ахмет Байтұрсыновтың тіл білімінде «речь» деп айтылып келе жатқан жанр түрін «сөйлеу» деп атағаны белгілі. Сөйлеу жанры – коммуниканттардың кәдімгі сөйлесу әрекеттерін жүзеге асыратын коммуникативтік оқиғалардың бір түрі десек, ол публицистикалық стильдің бір түрі, оған барлық әдеби жанрлар, оған қоса, ең алдымен, публицистикалық шығармалар (қоғамдық және саяси) жатады. Бұл тілдік жанрлар теориясының, сөйлеушінің (жазушының) сөйлеу барысындағы қарым-қатынасына, коммуникативтік мақсатына орай, әмбебап екендігін көрсетеді.

Кез-келген публицистикалық шығарма, лингвистикалық тұрғыдан алғанда – мәтін. Публицист оқырман аудиториясына ықпал жасайтындай етіп мәтін құрастырады және сол мәтін арқылы күнделікті болып жатқан саяси үрдістердің шұғыл, деректі-эмоционалдық көрінісін сипаттайды. Публицистикалық мәтін ең кемі екі сөйлемнен тұрады, және ол синтаксистік тұтастықты құрайды, сонымен қатар, оның белгілі бір категориялары да бар [14, б. 12].

Сөз жанрлары құрылымдық генезисі тұрғысынан жай және күрделі болып бөлінеді. Жай сөз жанрлары күнделікті қолданыстағы ауызекі сөйлеу тілімен шектелетін болса, күрделі сөз жанрлары – жоғары дәрежедегі антрополингвистика бағытының құрылымдық элементі болып табылады.

Публицистикалық стильде ықпал ету қызметі эмоционалды-экспрессивті сөздермен, көркемдік бейнелілік амал-тәсілдер арқылы прагматикалық мақсатпен жүзеге асады. Публицистикалық стильдің жанрларының бірі – репортаж, француз тілінен шыққан, мерзімді баспасөзде жарияланатын радио мен телеарналар арқылы берілетін оқиға туралы хабарлау. Репортер – ағылшын сөзі. Ақпарат агенттері қызметкерлерінің әр оқиға мен құбылысты жедел жеткізу мәтіні репортаж болып беріледі, оған ресми баяндау, қысқа сұхбат, тарихи хронология жатады.

Публицистикалық ақпарат жанрларының бірі сұхбат ағылшын сөзінен шыққан «беседа» деген мағынаны білдіреді. Қоғам қайраткерлерінің интервью алушымен жүргізетін мәліметтік, дерек алу мақсатындағы мәтін түрі. Сұхбат көбіне сұрақ пен жауапқа құрылады. Сұрақ-жауап диалогтік қатынасқа құралады, сұхбатта сұрақтың түрлері көп кездеседі, сұраулы сөйлемдер, сұрақтың нақтылығы, сұрақтың маңыздылығы, сұрақ жаудыру сияқты сан түрлі сұраққа қатысты стильдік сұрақ процесі туындайды, сұрақта сұраулы сөйлемдер қолданылады. Соның ішінде сұхбат жанрына риторикалық сұрақты білдіретін сұраулы сөйлемнің бұл формасы хабар ретінде айтылған пікірді білдіреді. Мысалы, «Үзеңгі жолдас» сұхбат бағдарламасында сұхбат алушы осы риторикалық сұрақтың әр түрлі стильдік сұрақ тәсілін жиі қолданады. Сұхбаттың монолог, хабарлама, суреттеме, сұхбатнама және ұжымдық деген түрлерінің болуына байланысты, публицистикалық стильде сұрақтың

прагматикалық салмағы ерекше байқалып отырады. Тележурналистика сөз жанрлары үш топқа бөлінеді:

- Ақпараттық жанрлар;
- Талдамалы жанрлар;
- Деректі-көркем жанрлар.

Ақпараттық жанрлар тобына – телеақпарат, бейнесюжет, телеесеп, телерепортаж, телесұхбат жатады.

Телеақпарат – ең басты жанр, әрі ол экран кестесінің көп бөлігін алатын «Таңғы», «Күндізгі», «Түскі», «Кешкі», «Қорытынды» жаңалықтар екі тілде көлемі 20-30 минуттан беріліп жатады. Бекзаттық, жанжалдық хроника, саяси, экономикалық, әлеуметтік, спорт хабарламалары жаңалықтардың көп бөлігін құрайды. Жаңалықтардың молдығынан көрермендердің көпшілігі бүгінде хабардың алдында берілетін қысқаша «лидке» көңіл аударып, сол арқылы өзіне керекті деген тұстарға ғана назар салады. Бүгінде уақыт талабына сай ұлттық және тәуелсіз телеарналар жаңалық хабарларына аса бір мүдделілік танытуда. Искерлік және саяси бағытты ұстанған телеарналар жаңалықты беру кезінде шыншыл, әділ, бейтарап бағдарды ұстанады.

Бейнесюжет – «заметка» «белгі», «қысқа жазба» шындықтан алшақ болмаса да, көңілге қонымдысы «бейнесюжет» деген атау. Журналист өз шығармасын неден бастайды? Жанрдың негізгі функционалдық міндеті актуалды жаңалықтарды хабарлау, әрі оның өзегінде қоғамды толғандырып отырған, шұғыл, қоғамдық мәнге ие дерек жатады. Оны айқындайтын белгісі ондағы жаңалық пен берілуіндегі қысқалық. Журналист үшін маңыздылығы оқиғадағы деректі көріп қана қою емес, ол жайлы баға әрі түсініктеме беру. Бейнесюжеттің кең тараған қысқа түрі хроника әлде жаңалық болып табылады. Хроника – тарихи оқиғаны реттілік жүйелілікпен беру жайлы жазба. Сондықтан журналистикадағы хроника – дерек төңірегіндегі қысқаша хабарлама.

Талдамалы жанрда өмірлік маңызды құбылыстарды зерттеу айрықша мәнге ие. Бір текті деректерді жинақтау кезінде автор оларды қорытындылау мен маңызды мәселені барлық қырынан айқындауға ұмтылыс танытады. Танымдық нысанды кесіндеу, дәл белгілеу, танымдық-тәрбиелік міндеті, оқиғаны кең көрсетуі ауқымды түйін және қорытындысы, әдеби-стилистикалық қалпы, айқындаушы көркемдеуші құралдарымен ерекшеленеді. Ал сценарийдегі тұтастық, белгілі бір ұстаным, идеяның негізінде жүзеге асады. Талдамалы жанрға «31 Арнадағы» «Саясат» бағдарламасын атауға болады. Оның авторы әрі жүргізушісі И.Жұбай «Саясат» бағдарламасы арқылы қазақ тіліндегі ақпараттық-сараптамалық нарыққа өзгеше тыныс ала келді. Автор маңызды оқиғаның төңірегіндегі өз пікірін аудитория алдына алып шығып, сол мәселеге өзіндік тұрғыдан келеді. Сондықтан талдамалы жанрлар құрылымында басты рөл: а) дәлел үшін негізгі тезисті ұсыну; ә) ұсынылған тезисті ашу үшін дәлел құрылымын жүйелеу; б) дәлел жүйесінен қорытынды шығару кезеңдеріне беріледі.

Телеәңгімелесу – хабарламаны тілдесу түрінде жеткізетін теледидардың өзгеше жанры. Телеәңгіме қоғамда қызығушылық тудыратын: саяси,

экономикалық, әлеуметтік, адамгершілік-этикалық, ғылыми және өзге де тақырыптарға арналады. «Ақиқат ауылы» хабарында Б.Құсанбек саяси партияларды қалай құру керек деген әңгімені қозғады. Ол «Алаш» партиясының жетекшісі С.Ақатаевпен ашық әңгімелесті. Осы партияның жағдайынан еліміздегі басқа партиялардың хал-ахуалы да айқын көрінгендей. Бірқатар партиялардың өзінше еркін қимылдауға қаржысы жетпейді, оларды шын мәнінде қолдайтындар саны да аз.

Дөңгелек үстел басындағы әңгіме диалогтік топқа кіреді. Бұл ақпарат жжинау емес, пікірлер алмасу. Егер сұхбат пен баспасөз конференциясында тұлғаға журналистер сұрақ қойып, оған біржақты директивті, жағымды немесе эмонционалдық жауап алынса, ал «дөңгелек үстел» басындағы әңгімеде сұрақ бірнеше адамға қатар арналады. Екіншіден, әңгімеге қатысушылардың әрқайсысы мәселе төңірегінде өз пікірлерін білдіреді. Мақсат – проблеманы бірнеше кәсіби маманның көзқарасы таразысына салып, сыңаржақтылық пен тар ұғымнан арылу болып табылады.

Телешолу. Телешолуды ерекшелеп тұратын қасиеттері: ол аса қатаң фактологиялы, мұнда дерек автордың айқындаған мақсатына сәйкес іріктеліп, топтастырылады, екіншіден, шолушы деректі олардың байланысына қарай айқындап, араларындағы байланысты ашады, әрі оларды байланыстырып тұрған жалпылықты іздестіреді; үшіншіден, шолу материалды зерттеудегі ауқымдылығымен, оқиға ортасында жеке дерек қана болатын түсініктемеден ерекшеленіп тұрады; төртіншіден, шолу көпшілігінде хронологиялық шеңбермен шектеледі. Демек, телеэкрандағы шолушы хабар үстінде: 1) мәліметтерді хабарлау кезінде деректердің өзара байланысына зер салуы; 2) оқиға, деректердің тұтастығына көңіл қоюы. 3) біртектес деректерді жинақтап беруге үнемі көңіл аударып отырғаны қажет.

Тележурналистиканың деректі-көркем жанрларында шығармашылық үрдіс журналистің тәсіл қолдану мәдениеттілігін айқындайды. Оны құрайтындарға танымның әлеуметтік құбылысының жалпы методологиясы (қоғам жайлы біліктілік, журналист оны дәл жағдайға талдау кезінде қолданады) жалпы журналистік методология (журналистикадағы әлеуметтік құбылыс туралы ұғым, оның міндеті, ұстанымдары, көпшілік ақпарат қызметінің заңдылықтары), ақпаратты алу әдістері (үш қайнары: адам, ұжым, құжат, деректі іріктеу, олардың байланыстарын табу) баяндау әдісі (материалға мүмкіндігінше шыншыл түрде мінездеме беру) және кім кінәлі?, «не істеу керек» деген сұрақтарға дәлелді жауап табуы жатады. Телеочерк көркем публицистика жанрларының экрандағы күрделі түрлерінің бірі. Телеочерк деректі материалды зерттеу мен әңгіменің (нақтылы әрекетті эстетикалық игеру) қосылып, біртұтастыққа айналуы болып саналады. Ол жүйелі деректі негізде құрылады. Очерк драмалық шығармаларға композициялық жақындығымен де публицистикадағы өзге жанрлардан өзгешеленіп тұрады. Осында очерк, суреттеме, эссе құбылыстарды жағымды жағынан көрсетсе, ал сатиралық жанрлар фельетон, памфлет, қоғамдағы келеңсіз көріністерді әшкерелейді [15, б. 290].

Сөз жанрларының ішінде рахмет айтуға байланысты да бірнеше топқа топтастырылатын түрлері де жиі кездесіп отырады. Мысалы, оларға тура, жанама, көпшілікке арналған, тілден тысқары тұратын факторлар арқылы анықталатын түрлерін жатқызуға болады. Айтушының интенциясы, ниетіне байланысты рахмет айтудың мынадай түрлері кездеседі:

- Этика нормасына сай немесе сай келмейтін түрлері;
- Айтушының ниетінің эмоционалды түрде берілуі.

Сөз жанрларында рахмет, алғыс айтамын, көп рахмет, рахым етсін, алғыс жаудырамын, мен сізге қарыздармен, өтеуі болар, сізге қалай рахмет айтарымды білмеймін деген дайын стереотиптер кездеседі.

Қазіргі уақытта зерттеушілердің сөз актілері, сөз жанрлары, айтылым, дискурс, сценарий, фрейм, концепт деген атауларды қолдануы да осы мәселені терең талдау пен пайымдауларды ғылыми тұрғыдан бір жүйеге келтіруді талап етеді [16, б. 22].

Публицистикалық мәтін құрау үшін аса қажетті категориялардың бірі пресуппозиция. Ол – семантикалық құбылыстарға байланысты және айтпаса да сезіліп тұратын мәліметтер. «Астарлы қолданыстар публицистің субъективті шындыққа жағымды, жағымсыз бағалауыштық ойын білдіру үшін қажет» [17, б. 28].

Зерттеуші Ф.Жақсыбаева: «Газет–публицистикалық стиль әр түрлі жанрлармен беріледі. Газеттік-публицистикалық стильдің жанрларын екі жанрлық-стилистикалық топқа бөлуге болады. Олар: таза газеттік жанр – ақпараттық жанр және эсер ету функциясын атқаратын – аналитикалық жанрлар», – деп екі топқа бөліп қарастырады [18, б. 14].

Көркемдеп суреттеу құралдары бойынша (әдеби тіл, стиль, образдылық) жіктеледі. Жанр осы белгілердің біреуімен ғана емес, олардың жиынтығымен де анықталады. Кейбір жанрлардың жалпы сипаттамасы бар. Соған байланысты жанрды үш топқа бөлуге болады:

- ақпараттық: оған мақала, есеп, репортаж бен интервью жатады. Олар фактілер мен құбылыстарды жедел көрсетеді;
- аналитикалық: корреспонденция, мақала, рецензия, хат, шолу. Оларда фактілер, оқиғалар, қорытындылар мен пікірлер зерттеледі және талданады;
- көркем-публицистикалық жанр: ұғымдық, образды-көркемдік құралдарды біріктіреді, эмоционалдығы күшті болады [19, б. 213].

Ал, М.М. Бахтиннің пікірінше, сөйлеу жанрлары дегеніміз, «айтушы үшін өзі жасамаған, оған берілген», «айтылымның берік тақырыптық композициялық және стилистикалық типтері», «сөйлеу тұтастығын жасаудың типтік модельдері». «Егер сөйлеу жанрлары болмаса сөйлеу қарым-қатынасының болуы мүмкін емес еді» [20, б. 242].

Әр сөз жанрларының өзіне тән ерекшеліктері бар. Функционалды стильдердің ішіндегі публицистикалық стильдегі сөз жанрларын алып қарастырайық. Публицистикалық стильдегі сөз жанрларының әрқайсысының өзіне тән ұқсастықтары мен айырмашылықтары бар. Публицистикалық стильге жататын сөз жанрларының ұқсастықтары қоғамда болып жатқан оқиғаларды

халыққа жылдам жеткізуді қамтамасыз етеді, жазылған немесе айтылған пікірдің шындығына оқырманның көзін жеткізіп қана қоймайды, сол берілген оқиға туралы көпшіліктің көзқарасын қалыптастырады. Публицистикалық стильдің жанрлары әр түрлі болғанмен, сипаты ортақ, тілдік бірліктерді тандауы ұқсас, бірақ ықпал етуінің сапасы әр деңгейде болады. Ең бастысы, публицистикалық стильдің маңызды міндеті өмірде болып жатқан оқиғаларды тез жеткізу, мәнін ашу, баға беру, халыққа ықпал ету сияқты коммуникативтік-прагматикалық қызмет атқаратын диапазонды кең стиль түрі болғандықтан, сөз жанрлары да көбейе түседі. Ал айырмашылығы – көлеміне, берілетін хабардың мазмұнына, көкейкестілігіне, айтушының проблеманы қандай дәрежеде жеткізуі сияқты прагматикалық бағдарына байланысты, сондықтан жанрлар тобы шоғырланып, өзінің маңыздылығын тағы да алға шығарып отырады.

### 1.3 Публицистикалық стильдің мектеп бағдарламаларындағы көрінісі

Негізгі орта білімнің мақсаты – тұлғаның жалпы мәдениетін қалыптастыру, тұлғаны қоғам өміріне бейімдеу, кәсіпті, мамандықты саналы түрде таңдауға және меңгеруге негіз жасау, оның ішінде білім алушылардың білім беруге ерекше қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескеру.

Негізгі орта білім берудің негізгі міндеттері білім алушылардың:

- 1) рухани-адамгершілік қасиеттерін;
- 2) ғылым негіздері бойынша базалық білім жүйесін;
- 3) өздігінен білім алу және тұлғалық өзін-өзі дамыту дағдыларын;
- 4) оқу, жобалау, зерттеушілік іс-әрекеттерін жүзеге асыру дағдыларын;
- 5) сыни және шығармашылық ойлау дағдыларын;
- 6) қоғамда өз қабілетін өзі іске асыру және өзара әрекет жасау

дағдыларын қалыптастыру мен дамыту болып табылады.

Міне, осы орайда негізгі орта білім беретін мекеменің (мектептің) оқу бағдарламасында «Қазақ тілі» пәні ерекше орын алады. «Қазақ тілі» пәнінің оқу бағдарламасы функционалдық-коммуникативтік бағытқа негізделіп құрастырылады. Ол оқушылардың тіл туралы түсініктерін тереңдетіп, ұлттық мәдениет пен әлемдік мәдениеттің маңыздылығы туралы түсініктерін кеңейтеді.

Республиканың жалпы білім беретін мектептеріндегі оқу процесі Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Үлгілік оқу жоспарларымен (2021 жылғы 26 наурыздағы № 125 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) жүзеге асырылады.

«Қазақ тілі» пәнінен 5-9-сыныптардың оқу процесі ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР БҒМ міндетін атқарушының 2017 жылғы 25 қазандағы № 545 бұйрығымен (ҚР Әділет министрлігінде 2017 жылы 13 қарашада № 15982 тіркелген) бекітілген «Негізгі орта білім беру деңгейінің «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасымен және ҚР БҒМ 2017 жылғы 27 шілдедегі № 352 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» ҚР БҒМ 2019 жылғы 7

наурыздағы №105 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 12 наурызда № 18382 болып тіркелді) бекітілген Ұзақ мерзімді жоспар негізінде жүзеге асырылады.

«Қазақ тілі» пәні бойынша 7-8-сынып білім алушыларының біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру мақсатында төменде күрделі деген оқу мақсаттарының жобасы ұсынылды.

1-кесте. Ұсынылған оқу жобасы

7-сынып	8-сынып
<b>Тыңдалым және айтылым</b>	
әлеуметтік-қоғамдық, оқу-еңбек тақырыптарына байланысты диалог, монолог, полилогтердегі (интервью, пікірталас, жаңалық, ән, көркем әдеби шығармалардан үзінді) автор көзқарасы мен көтерілген мәселені талдау	әлеуметтік-қоғамдық, мәдени-тарихи тақырыптарға байланысты диалог, монолог, полилогтердегі (интервью, пікірталас үзінді) автор көзқарасы мен экспресивті-эмоционалды сөздердің рөлін талдау
<b>Оқылым</b>	
публицистикалық және ресми стиль ерекшеліктерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану	публицистикалық және ғылыми стиль ерекшеліктерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану
<b>Жазылым</b>	
жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай көркемдегіш құралдарды орынды қолдана отырып, шағын мақала, нұсқаулық, әңгіме құрастырып жазу	жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, мақала, аннотация, тезис құрастырып жазу

Жоғарыда айтқанымыздай «Қазақ тілі» пәні бойынша жаңартылған мазмұндағы бағдарламаның ерекшелігі қазақ тілін функционалдық-коммуникативтік тұрғыдан оқытуға назар аударылып, төрт дағдыға негізделген:

- 1) тыңдалым және айтылым;
- 2) оқылым;
- 3) жазылым;
- 4) әдеби тіл нормаларын сақтау

«Тыңдалым және айтылым» бөлімі оқушылардың төмендегі дағдыларды үйренуіне мүмкіндік береді: мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, өз

біліміне сүйеніп тақырыпты жалғастыру, мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (дәріс, интервью, пікірталас, мақала) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды талдау, тыңдалған мәтіндегі ақпаратты ғаламдық мәселелермен байланыстыра білу, мәтінде көтерілген мәселені (қоғамдық-саяси) талдай отырып, негізгі ойды анықтау, мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қарым-қатынасын ескере отырып, сұрақтар құрастыру және бағалау, коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында тиісті сөйлеу әдебін сақтай отырып, дұрыс сөйлеу тілінің лексикалық, фонетикалық-морфологиялық, синтаксистік ерекшеліктерін ажыратып, орынды қолдану;

«Оқылым» бойынша: әртүрлі графиктік мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, шартты белгі) мәліметтерді талдау, негізгі үрдістерді анықтау, ғылыми көпшілік және публицистикалық стильді тілдік құралдар арқылы тану (терминдер, тілдік оралымдар, өзге стиль элементтері), әртүрлі стильдегі мәтіндердің жанрлық ерекшеліктерін таба білу, ауызекі сөйлеудің стильдік бедерін дұрыс қолдану, публицистикалық шығарма тілінің стильдік бедерін дұрыс қолдана білу, ресми іс-қағаздары тілінің сөз бедерін дұрыс қолдана білу, көркем әдебиет тілінің сөз бедерін дұрыс қолдана білу, әртүрлі стильдегі мәтіндердің тақырыбын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау (фонетикалық деңгей, лексикалық деңгей, морфологиялық деңгей, синтаксистік деңгей негізінде), мәтіндегі негізгі ойды анықтау, көтерілген мәселеге баға беріп, мәліметтер мен пікірлерді өңдей білу, белгілі бір мақсат үшін оқылым стратегияларын жүйелі қолдана білу, БАҚ, энциклопедиялық, ғылыми-көпшілік деректерді ала білу, сілтеме жасау жолдарын білу. «Жазылым» бойынша: жоспар түрлерін құру (қарапайым, күрделі, тезистік), ауызекі сөйлеу стилінде элеуметтік жағдайларға сай мәтін құрастыру, ресми қарым-қатынас аясында ресми құжат түрлерін жазу: сенімхат, кепілхат, өтінім, тапсырыс, келісімшарт, еңбек шарты, шарт, еңбек келісімі және т.б. мәтіндер құрастыру, ғылыми стильдің стильдік және жанрлық ерекшеліктерін ескере отырып, баяндама, мақала, лекция, баяндама тезистері, аннотация, түйіндеме, рецензия және мәтіндер құрастыру, публицистикалық стильдің стильдік және жанрлық ерекшеліктерін ескере отырып, мақала, репортаж, сұхбат, ақпарат, информациялық хабар, очерк, памфлет жазу, көркем әдебиет стилінің стильдік және жанрлық ерекшеліктерін ескере отырып мәтіндер құрастыру (таңдау бойынша), мәтін құрылымын сақтай отырып, әртүрлі графиктік мәтіндегі деректерді салыстырып, маңызды тұстары мен үрдістерді талдап жазу, эссе түрлерінің құрылымын сақтай отырып, көтерілген мәселе бойынша өзіндік пікір жаза білу, оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпаратты іріктей отырып, түртіп жазу (конспектілеу), әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық жұмыстар (өлең, хат, әңгіме, шығарма) ұсына білу, жазба жұмысын абзац пен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық және стильдік түзетулер енгізу, редакциялау.

«Әдеби тіл нормалары» бойынша: орфографиялық нормаға сай жазу, сөздерді фонетикалық принцип негізінде жазу, сөздерді морфологиялық

фонематикалық принцип негізінде жазу, сөздерді тарихи-дәстүрлік принцип негізінде жазу, сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерді дұрыс қою (нүкте, сұрау белгісі, леп белгісі, көп нүкте), сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерді дұрыс қою (үтір, нүктелі үтір, жақша, қос нүкте, тырнақша, сызықша).

Ақпаратты талдау, жалпылау, жіктеу, сондай-ақ әртүрлі жанрда және стильдерде мәтіндер жазу, жеке, іскерлік хат жазысу, түйіндеме, мақала, аннотация, тезис құрастыру, берілген тақырып бойынша эссе жазу дағдылары мен қабілеттерін жетілдіру тілді оқуды ынталандыруға септігін тигізеді. Сабәқ жоспарын құрастыру барысында оқушылардың деңгейі мен қажеттілігіне сай әдеби тіл нормаларын қалыптастыруға назар аударған дұрыс.

Тілдік бірліктер мен құрылымдарды, яғни грамматиканы оқыту коммуникативтік контекст негізінде жүзеге асырылуы керек. Яғни мұғалім тіл туралы білім қалыптастырудан гөрі тілдік қолданыс, грамматиканың функционалдығына назар аударуы тиіс.

«Қазақ тілі» пәні бойынша 10-сынып білім алушыларының білімінде орын алған олқылықтардың орнын толықтыру мақсатында 9-сыныпта өткен оқу мақсаттарын 10-сыныптағы оқу мақсаттарымен кіріктіріп меңгерту ұсынылады.

2- кесте. Ұсынылған оқу жобасы

Тыңдалым және айтылым	
9-сынып	10-сынып
Әртүрлі жанрдағы кең көлемді мәтіндердегі (дәріс, интервью, пікірталас, мақала, жолдау) мақсатты аудитория мен көркемдегіш құралдардың рөлін талдау	Көпшілікке арналған дәріс, интервью, мақала, очерктің құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық ерекшеліктерін талдау
Оқылым	
Әртүрлі стильдегі мәтіндердің тақырыбын, қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау	Әртүрлі стильдегі (ғылыми, ресми ісқағаздар, публицистикалық, көркем әдебиет, ауызекі сөйлеу стилі) мәтіндердің тақырыбын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау
Жазылым	

Эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, көтерілген мәселе бойынша екіжақты пікірді немесе жағдаятты талқылау, біреуіне таңдау жасап, өз ойын дәлелдеп жазу (аргументативті эссе)	1 қажетті ақпараттарды орынды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу («келісу, келіспеу» эссесі, дискуссивті эссе, аргументативті эссе)
---	---

11-сынып білім алушыларының білімінде орын алған олқылықтардың орнын толықтыру мақсатында 10-сыныпта өткен оқу мақсаттарын 10-сыныптағы оқу мақсаттарымен кіріктіріп меңгерту ұсынылады.

### 3-кесте. Ұсынылған оқу жобасы

Тыңдалым және айтылым	
10-сынып	11-сынып
Мәтінде көтерілген мәселені (қоғамдық-саяси) талдай отырып, негізгі ойды анықтау және ғаламдық мәселелермен байланыстыру	Мәтінде көтерілген мәселені (қоғамдық-саяси, ғылыми) талдай отырып, негізі ойды анықтау және ғаламдық мәселелермен салыстыру
Оқылым	
Көпшілікке арналған дәріс, интервью, мақала, очерктің құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық ерекшеліктерін талдау	Таза ғылыми стильдегі дәріс, интервью, мақала, баяндама, тезис, аннотация, рецензияның құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық ерекшеліктерін талдау
Жазылым	
Түрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық жұмыстар (өлең, хат, әңгіме, шығарма) ұсына білу	Түрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық жұмыстар (өлең, әңгіме, естелік, шығарма) ұсына білу

Осы орайда, 10-11 сынып тақырыбына келгенде «Абай мектептеріндегі» оқу бағдарламасының, оның ішінде қазақ тілі пәнінің (публицистиканың) орны ерекше екенін де айта кеткеніміз жөн. «Абай мектептері» желісіндегі оқу процесі ҚР БҒМ 2020 жылғы «27» қарашадағы № 496 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім беру деңгейінің қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын гуманитарлық бағыттағы мамандандырылған желілік «Абай мектептерінің»

10-11- сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасымен (оқыту қазақ тілінде) жүзеге асырылады.

«Қазақ тілі» пәнін оқытудың мақсаты – мемлекеттік тілді қадірлейтін, қоғамдық мәнін түсінетін тұлға қалыптастыру, қазақ әдеби тілі нормаларын сақтап, дұрыс қолдана білуге, шығармашылыққа үйретуге, ең бастысы, орта мектепке сай лингвистикалық білім беру.

«Қазақ тілі» оқу пәнін тереңдетіп оқытудың негізгі міндеттері:

1) қазақ тілін Қазақстан Республикасының аумағында қоғамның барлық салаларында еркін қолдана білуі үшін білім алушының коммуникативтік дағдыларын жетілдіру, еркін сөйлеуге және сауатты жазуға үйрету;

2) мәтіннің типтерін, стилін, жанрын тану үшін мәтінді құрайтын барлық тілдік құралдарды: синтаксистік құрылымдарды, лексикалық бірліктерді, сөздің дыбыстық және морфемдік құрамын тануға үйрету;

3) ауызша және жазбаша мәтін тудыру дағдыларын жетілдіру үшін орфоэпия және орфография нормаларын білу, сөйлеу мәдениетін және шешендік өнерді меңгеру, түрлі стильдер мен жанрларда мәтін тудыру тәсілдерін жетілдіру.

«Қазақ тілі» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 10-сынып – аптасына 4 сағат, оқу жылында – 136 сағат;

2) 11-сынып – аптасына 4 сағат, оқу жылында – 136 сағат.

Оқу мақсаттары қазақ тілін ғылыми пән ретінде оқитын білім алушыларға мәтінтану мен мәтінтудыру дағдыларын жетілдіру арқылы өмірге қажет функционалды білім беруді көздейді. Мұның өзі орта мектеп деңгейіне сай лингвистикалық білім алуға негізделеді. Оқу мазмұны 3 бөлімнен тұрады:

1) мәтінтану тыңдау және оқу арқылы мәтіннің мазмұнын түсіну, негізгі және қосымша ойды таба білу, мәтін бойынша сұрақтар құрастыра білу, әртүрлі ресурс көздерінен қажетті ақпаратты алумен қатар мәтіннің стилі мен жанрын, мәтіннің типтерін және әр типке тиісті қолданылатын тілдік құралдарын ажырата білуден тұрады;

2) мәтінтудыру мәтіннің мазмұнын айту кезінде орфоэпиялық нормаларды сақтаудан бастап, тіл мәдениетінің талаптарын орындай отырып, шешен сөйлеу деңгейіне жетуді көздейді. Орфография және пунктуация талаптарын сақтай отырып, барлық стильдер мен жанрларда мәтін жаза алу арқылы мәтін тудыру дағдысын жетілдіруді көздейді;

3) әдеби тіл нормалары айту және жазу әрекеті кезінде лексика-грамматикалық нормаларды, оның ережелерін және ерекшеліктерін қатаң сақтауды үйретуді көздейді.

«Мәтінтану» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) мәтіннің мазмұнын тану;

2) мәтіннің стилі мен жанрын тану.

«Мәтінтудыру» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) ауызекі сөйлеу және көркем әдебиет стильдерінде айтылым, жазылым дағдыларын жетілдіру;

2) ресми іс-қағаздары стилінде айтылым, жазылым дағдыларын жетілдіру;

3) публицистикалық стильде айтылым, жазылым дағдыларын жетілдіру;

4) ғылыми стильде айтылым, жазылым дағдыларын жетілдіру.

«Әдеби тіл нормаларын сақтау» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) лексика-грамматикалық норма;

2) айтылым-жазылым нормалары (орфография, орфоэпия, пунктуация)

Жалпы білім беретін мектептің 5-11 сыныптарындағы қазақ тілі сабақтарындағы публицистикалық стилі бойынша жұмысты қарастырайық.

Бесінші сынып:

Бесінші сыныпта мектеп оқушылары стиль элементтерімен таныса бастайды. Стильдерімен танысу тілдік қатынастың екі түрін ажыратудан басталады: ауызша және жазбаша. Бесінші сыныпта оқушы көбіне мәтінді оқып, ой өрбітеді (1-сурет) [21, б. 19, 103].

Бұл ақпаратты оқушыларға жеткізіп, тиісті жұмыстарды ұйымдастыруда бесінші сыныпта сөздің көркемдік мәнеріне көңіл бөлінетінін, ал білім берудің бұл кезеңінде ғылыми және іскерлік ерекшеленбейтінін ескеру қажет.

1-сурет. Қазақ тілі. «Мектеп» баспасы, 5-сынып.

1-сурет. Қазақ тілі. «Мектеп» баспасы, 5-сынып.

Алтыншы сынып:

Алтыншы сыныпта оқушылар әдеби тілге тән белгілерін анықтай отырып, оның ішінде функционалды-стильдік салаларын оқу арқылы білімдерін кеңейтеді және тереңдетеді. Стиль ұғымымен, стильдің түрлерімен танысады (2,3-суретте көрсетілген) [22 б. 4-7].

1-тақырып. Түрлі әлемдер

Қазақ тілі - әдеби тіл. Әдеби тіл - жалпы бірдей түсінікті, ықпалы барлық саласында қолданылатын, тұрақты нормалары бар тіл.

Сөздердің мағыналарына сәйкес қолданылуы лексикалық норманы, грамматикалық құрылымдардың орнында, дұрыс жұмсауы грамматикалық норманы, дыбыстардың аяқуда дұрыс табылуы орфографиялық норманы, ал олардың дұрыс айтылуы орфоэпиялық норманы белгілейді.


әдеби тілдің құрылымын, өңделген нормалары (лексикалық, грамматикалық, орфоэпиялық және орфографиялық) бөлімі;	әдеби тіл нормалары халықтың бәріне сұрып және түсінікті болуы керек;
фонетикалық-стильдік сипаттары бар;	көпмағыла қысқарту әрезуін болды;

Әдеби тілге тән басты белгілері:

А Берілген сөздердің қай норманы сабақ қылатын белгілері:

